

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ.
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

ҚР ВН 1.6-001-2025

**АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ.
ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР**

ВН РК 1.6-001-2025

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ.
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

ҚР ВН 1.6-001-2025

Ресми басылым

Астана 2025

Алғысөз

1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ «Қазақстан жолғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ)

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2025 ж. «18» қарашағы № 119 бұйрығы

3 КЕЛІСІЛДІ «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2025 жылғы «28» қазандағы № 03-01/12-01/3716-И хаты

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
2025 жылғы «30» қазандағы № 03/690 хаты

4 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ ҚР ЕР 218-162-2023 «Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру және оған жұмсалатын шығындарды анықтау бойынша нұсқаулық»;
ҚР Ұ 218-109-2014 «Қазақстан Республикасының жол құрылысы нысандарында орындау құжаттамаларын рәсімдеу және жүргізу жөніндегі ұсынымдар»;
ҚР Ұ 218-111-2014 «Қазақстан Республикасының жол құрылысында сапаны бақылау жоспарын жасау бойынша ұсынымдар».

Құжат Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), сондай-ақ <https://rnbase.qazjolgi.kz/ru/> электронды мәліметтер базасында қол жетімді.

Осы нормативтік техникалық құжат Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Мазмұны

1	Қолдану саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Жалпы ережелер	3
5	Техникалық қадағалаудың функциялары, құқықтары мен міндеттері	7
6	Атқарушылық құжаттама	11
6.1	Атқарушылық құжаттаманың құрамы	11
6.2	Атқарушылық геодезиялық құжаттама	14
6.3	Геодезиялық бөлу негізін қабылдау	15
6.4	Геодезиялық жұмыс журналдары	16
6.5	Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды іріктеу есептерін ресімдеу	16
6.6	Зертханалық журналдар мен хаттамалар	17
6.7	Жұмыс журналдары	18
6.8	Жасырын және жауапты жұмыстар актілері	18
7	Техникалық қадағалаудың жабдықтармен жарақтануы	20
8	Сынақ учаскесі	25
9	Техникалық қадағалау жөніндегі жұмыстардың құрамы	27
9.1	Жалпы ережелер	27
9.2	Кіріс бақылау	28
9.3	Операциялық бақылау	29
9.4	Қабылдау бақылауы	30
10	Салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде объектілерді қабылдау және пайдалануға беру	31
10.1	Жалпы ережелер	31
10.2	Салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде	31
10.3	Орташа және ағымдағы жөндеу кезінде	32
11	Автомобиль жолын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалау қызметтерінің құнын есептеу	33
А	қосымшасы <i>(ақпараттық)</i> Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу объектісіндегі техникалық қадағалау құрамы	37
Б	қосымшасы <i>(міндетті)</i> Сынақтарды өткізу актісі	39
В	қосымшасы <i>(міндетті)</i> Орташа жөндеу объектілерін пайдалануға беру жөніндегі құжаттама	41
	Библиография	48

1 Қолдану саласы

1.1 Осы ведомстволық норматив республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын, елді мекендер көшелерін салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде жұмыстардың ұйымдастырылуына, құрамына, оларды жүргізу тәртібіне және техникалық қадағалау сарапшыларының функционалдық міндеттеріне, сондай-ақ техникалық қадағалау қызметтерінің құнын айқындауға қойылатын талаптарды белгілейді және келесілердің қолдануына арналған:

- жол саласының субъектілері, дара кәсіпкерлер немесе техникалық қадағалаудың инжинирингтік қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар;
- тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асыратын жол қызметі субъектілері;
- жобалау ұйымдары, техника-экономикалық есептеулер шеңберінде шығыстар лимиті және техникалық қадағалау сарапшыларының саны.

1.2 Осы ведомстволық норматив салудың, реконструкциялаудың және жөндеудің барлық кезеңдерінің, автомобиль жолдарының жобалық құжаттамаға сәйкестігін, техникалық құжаттаманы жүргізудің дұрыстығын, сондай-ақ қолданылатын жабдықтың Қазақстан Республикасының заңнамасына және автожол саласындағы қолданыстағы нормативтік техникалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша техникалық қадағалау жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы құжатты қолдану үшін мынадай анықтамалық нормативтік-техникалық құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.254-2012 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Аналитикалық, сынақ және өлшеу зертханаларында өлшеу жағдайын бағалау.

ҚР СТ 1053-2011 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 Сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 32756-2014 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Орындалған жұмыстарды аралық қабылдауды жүргізуге қойылатын талаптар.

ҚР ҚН 1.03-00-2022 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындардың, ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын ұйымдастыру.

ҚР ВН 8.12-001-2024 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезінде жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау.

ҚР БСНҚ 8.01-08-2022 Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын айқындау тәртібі.

ҚР БН 1.6-001-2025

ҚР БН 9.2.2-005-2024 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарға еңбек шығындарының сметалық бағалар жинағы.

Ескертпе - Ведомстволық нормативтерді пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша стандарттау жөніндегі құжаттардың жыл сайын шығарылатын каталогы бойынша сілтеме стандарттарының, жіктеуіштер мен нормативтік құжаттардың және ағымдағы жылы жарияланған стандарттардың мерзімді түрде шығарылатын тиісті ақпараттық көрсеткіштерінің қолданылуын тексерген жөн. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы құжатты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы ведомстволық нормативте ҚР СТ 1053 және [1], [2], [3] бойынша, сондай ақ тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Кіріс бақылау: Жеткізушілерден немесе әртүрлі жол-құрылыс материалдары мен бұйымдарын, жартылай фабрикаттарды қоса алғанда, өнім өндірудің басқа учаскелерінен келіп түсетін өнімдерді бақылау, сондай-ақ техникалық құжаттаманы тексеру.

3.2 Атқарушылық құжаттама: Жобалау (жұмыс) құжаттамасында айқындалған жұмыстардың аяқталуына қарай жобалау шешімдерінің нақты орындалуын және күрделі құрылыс объектілері мен олардың элементтерінің салу, реконструкциялау, жөндеу процесінде нақты жағдайын көрсететін мәтіндік және графикалық материалдар.

3.3 Бақылау: Тиісті өлшемдермен, сынақтармен және калибрлеумен бірге жүретін бақылаулар мен пайымдаулар арқылы сәйкестікті бағалау процедурасы.

3.4 Жасырын жұмыстар: Аяқталғаннан кейін кейінгі жұмыстар кезінде ішінара немесе толық жабылатын жұмыстың жекелеген түрлері (конструктивтік элементтер).

3.5 Жұмыс жүргізу объектілері: Автомобиль жолдарын орташа жөндеу объектілері, сондай-ақ мердігерлік шарт (келісімшарт) және кепілдік мерзімі шеңберінде жүзеге асырылатын техникалық құжаттаманың құрамына кіретін объектілер.

3.6 Түпкілікті қабылдау бақылауы: Пайдалануға дайын өнім ретінде жөндеу аяқталған объектілерді қабылдау кезіндегі бақылау.

3.7 Құрылыстық бақылау: Орындалатын жұмыстардың жобалық құжаттамаға және автомобиль жолдары мен олардағы құрылыстарды салу, қайта құру, күрделі, орташа жөндеу үдерісінде жүргізілетін техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін бақылау.

Ескерту – КО ТР 014/2011 [1] құжатында қолданылатын «құрылыс бақылауы» термині ҚР ТР 435 [4] құжатындағы «операциялық бақылау» терминіне сәйкес келеді.

3.8 Жауапты конструкциялар: Сапасыз орындалуы конструкциялардың көтергіш қабілетін жоғалтуға немесе құрылыстың қалыпты пайдалануға жарамсыздығына әкеп соғуы мүмкін жұмыстардың жекелеген түрлері (конструктивтік элементтер).

3.9 Қабылдау бақылауы: Жолдың (құрылыстардың) жекелеген аяқталған конструктивтік элементтерін немесе жекелеген аяқталған жұмыстарды, оның ішінде жасырын жұмыстар мен конструктивтерді қабылдау кезіндегі бақылау.

3.10 Техникалық құжаттама: Жобалауға арналған тапсырмаға және нормативтік техникалық құжаттарға сәйкес орындалған сындарлы, технологиялық, инженерлік, табиғатты қорғау, экономикалық және өзге де шешімдердің, сондай-ақ орташа жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу, аумақты инженерлік даярлау, абаттандыруға арналған сметалық есептердің жиынтығы. Орташа жөндеу үшін - ведомстволық сараптамадан өткен ақаулар мен сметалық есептердің схемалық орналасуы көрсетілген ақаулар тізімі.

3.11 Сынақ учаскесі (тестілік, тәжірибелік немесе бақылау): Жұмыстарды жаппай өндіруді бастамас бұрын технологияны, материалдардың сапасын және жобалық шешімдердің сақталуын кешенді тексеру үшін ұйымдастырылатын автомобиль жолының арнайы бөлінген фрагменті.

3.12 Жол-құрылыс материалдары және жаңа технологиялардың бірыңғай базасы (ЖҚМ және ЖТ): Жол-құрылыс тас материалдары (шағыл тас, қиыршық тасты-құмды қоспа, қиыршық тасты-құмды қоспа, шағыл тасты-қиыршық тасты-құмды қоспа, құм, уақтау қалдығы), органикалық емес тұтқырлар (минералды ұнтақ, цемент), битумдар, жаңа материалдар мен технологиялар, зертханалар, машиналар, жабдықтар мен механизмдер, асфальтбетон және басқа да зауыттар туралы Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттары мен ведомстволық құжаттарының нормативтік талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өткендігі туралы ақпаратты қамтитын ақпараттық-цифрлық жүйе.

4 Жалпы ережелер

4.1 Тапсырыс берушінің техникалық қадағалау қызметі [2], [4], [5], [6], [7] сәйкес дербес және/немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына уәкілетті орган сарапшысының тиісті аттестаты бар сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ сертификатталған өлшеу құралдары мен жабдықтардың болуы міндетті.

ҚР ВН 1.6-001-2025

Жауапкершіліктің бірінші және екінші деңгейлеріндегі техникалық және технологиялық жағынан күрделі объектілерде техникалық қадағалауды аккредиттелген заңды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Техникалық қадағалау объектідегі Тапсырыс берушінің техникалық өкілі болып табылады. Ол жеткізілетін материалдардың сапасы мен жарамдылығына, орындалатын жұмыстарға және оның орындалуына қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайды. Техникалық қадағалау Тапсырыс берушінің алдында шартта көзделген инженерлік-консультациялық қызметтердің сапалы, уақтылы және толық орындалуына жауапты болады.

4.2 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезіндегі техникалық қадағалау құрамы А қосымшасына сәйкес жинақталады.

4.2.1 Техникалық қадағалау бойынша функцияларды жүзеге асыруға арналған шығындардың лимиттері [8] және ҚР БСНҚ 8.01-08 сәйкес қабылданады.

4.3 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде жалпы техникалық қадағалаудың басшысы Тапсырыс берушіге, ал арнайы жұмыс түрлері бойынша техникалық қадағалау сарапшысы – жалпы техникалық қадағалаудың басшысына есеп береді.

4.3.1 Орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалаудың ең аз құрамы мынадай түрде жинақталады:

- техникалық қадағалау тобына басшылықты жүзеге асыратын құрылыс саласындағы бейінді жоғары білімі бар жүк көтергіш және қоршау конструкциялары, инженерлік желілер және технологиялық жабдықтар бөлігінде жауапкершіліктің 1-ші, 2-ші және/немесе 3-ші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі сарапшы (техникалық қадағалау тобының басшысы);

- материалдар жөніндегі инженер - материалтану немесе жол құрылысы саласында бейінді жоғары білімі бар маман;

- көлем бойынша инженер/бейін бойынша инженер/ инженер-геодезист - бейінді жоғары білімі бар маман.

Жөндеу учаскесінің желілік ұзындығы екі шақырымнан кем болған жағдайда, инженер-геодезист/көлем бойынша инженер/бейін бойынша инженер функциялары «Құрылыс саласындағы бейінді жоғары білімі бар жауапкершіліктің 1-ші, 2-ші және/немесе 3-ші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі сарапшыға» жүктеледі.

Техникалық құжаттамада жасанды құрылыстарды салу және техникалық жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар болған кезде тиісті жұмыс түрлері бойынша техникалық қадағалау функцияларын орындау «Құрылыс саласында бейінді жоғары білімі бар жауапкершіліктің 1-ші, 2-ші және (немесе) 3-ші деңгейдегі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі сарапшыға» жүктеледі.

Шығындардың сомасы, ұйымдастырушылық құрылымы және техникалық қадағалау сарапшыларының саны техникалық құжаттамаға сүйене отырып қабылданады және осы нормативтің 11-бөлімінің ережелеріне сәйкес есептеледі.

4.5 Жұмыс жүргізу объектісіндегі техникалық қадағалау жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салуда, реконструкциялауда және жөндеуде қабылданған нормалар мен стандарттарды сақтау жөніндегі бірыңғай техникалық саясат шеңберінде жүзеге асырылады.

4.5.1 Жұмыстарды жүргізу объектісінде техникалық қадағалауды жүзеге асырудың негізгі мақсаты белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау-сметалық немесе техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарын бұза отырып орындалған жол-құрылыс, жол-жөндеу жұмыстарын қабылдауға жол бермеу болып табылады.

4.5.2 Техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер жобалау-сметалық немесе техникалық құжаттамада осы мақсаттарға көзделген қаражат есебінен қаржыландырылады және бюджет қаражатынан қаржыландырылатын объектілер бойынша Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес конкурстық негізде сатып алады. Инжинирингтік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғалар техникалық қадағалауды жүзеге асыра алмайды, егер:

- жұмыстар жүргізу объектісіне қатысты заттық немесе міндеттемелік құқықтар болса немесе оларды алса;
- жол құрылысы объектісіне, автомобиль жолының жөнделетін учаскесіне мүліктік мүддесі болса;
- Тапсырыс берушінің, Мердігердің және/немесе жобалау ұйымының үлестес тұлғасы, жұмыстарды жүргізудің осы объектісіндегі материалдар мен конструкцияларды жеткізушілер болып табылса;
- акционердің, құрылтайшының, қызметкердің, меншік иесінің, қатысушының, кредитордың, дебитордың, Тапсырыс берушінің, Мердігердің және /немесе жобалау ұйымының жақын туысы немесе жекжаты, осы жұмыс жүргізу объектісіндегі материалдар мен конструкцияларды жеткізушісі болып табылса;
- бұл жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқса немесе осындай қақтығыстың туындау қаупін туғызса.

4.5.3 Шартқа қол қойылғаннан кейін дара кәсіпкер немесе техникалық қадағалау қызметтерін көрсететін заңды тұлға Тапсырыс берушіге келісуге техникалық қадағалаудың ұйымдастырушылық құрылымын, сондай-ақ техникалық қадағалау сарапшысының (сарапшылардың) кандидатурасын ұсынады. Техникалық қадағалау құрылымындағы кейінгі өзгерістер біліктілік талаптары сақталған жағдайда Тапсырыс берушінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

ҚР ВН 1.6-001-2025

4.5.4 Тапсырыс беруші Мердігермен шартқа қол қойғаннан кейін мердігерге және уәкілетті ұйымға құрылыс алаңына, ақпаратқа және Мердігер орындайтын жұмыстарға толық қол жеткізу мақсатында олардың негізгі функцияларын көрсете отырып, техникалық қадағалау мамандары туралы ресми ақпаратты (шарт болған жағдайда) 15 жұмыс күні мерзімінде ұсынуы тиіс.

4.5.5 Техникалық қадағалау қызметтерін көрсететін дара кәсіпкер немесе заңды тұлға Тапсырыс берушінің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартта көзделген инжинирингтік қызметтерді сапалы, уақтылы және толық көрсеткені үшін жауапты болады.

4.5.6 Тапсырыс беруші хабарлама жасау тәртібімен уәкілетті ұйымға жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге, жол активтерін басқаруға, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарында іске қосылған техникалық қадағалау ұйымдары туралы ақпаратты жібереді.

4.5.7 Техникалық қадағалау сарапшылары жауапты:

- жұмыс жүргізу объектісінің техникалық жай-күйінің кемшіліктерін уақтылы анықтамау;
- жұмыс жүргізу объектісінде жол-құрылыс немесе жол-жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне тиісінше бақылау жасамау;
- жасырын жұмыстарға арналған актілерде орындалған жұмыстардың дұрыс көрсетілмеуі.

4.5.8 Жұмыстарды жүргізу объектісінде Мердігер жүргізген барлық жұмыстар ресми түрде расталады, бұйрықпен бекітілген және Тапсырыс беруші келіскен техникалық қадағалау сарапшыларының қолымен расталады.

Объектідегі техникалық қадағалаудың негізгі талаптарына мыналар жатады:

- жасалған шартта (келісімшартта) көзделген мерзімдерде техникалық қадағалау бойынша жұмыстарды орындау;
- шарттың (келісімшарттың) және техникалық тапсырманың талаптарына толық сәйкес техникалық қадағалау бойынша барлық жұмыстарды орындау;
- осы объектіде материалдар мен конструкцияларды Мердігерлермен және жеткізушілермен материалдық-техникалық қатынастары жоқ, жол-құрылыс материалдарына сынақтар жүргізуге аккредиттелген меншікті және/немесе өзге де негіздерде тартылған зертхананың болуы;
- зертхана ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес мынадай негізгі жол-құрылыс материалдарын сынау үшін аккредиттелуі тиіс: тығыз тау жыныстарынан алынған топырақ, шағыл тас және қиыршық тас; құм; асфальтбетон және асфальтбетон қоспалары; битумдар мен битумды тұтқырғыш; цементтер; бетон және бетон қоспалары;
- шартқа (келісімшартқа) техникалық тапсырмада көзделгеннен кем емес көлемде қажетті бақылау өлшеулерін және зертханалық сынақтарды орындау, нәтижелердің бекітілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін талдай отырып, мердігер орындайтын қолданылатын жол-құрылыс

материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының сәйкестігін кіріс және операциялық бақылау кезінде бақылау.

4.5.9 Автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс беруші техникалық қадағалауды тарту қажеттілігін дербес айқындайды. Техникалық қадағалауды тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Тапсырыс беруші техникалық қадағалау қызметтерін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаны тартады.

5 Техникалық қадағалаудың функциялары, құқықтары мен міндеттері

5.1 Техникалық қадағалаудың функциялары, құқықтары мен міндеттері [2], [5], [7], [8], [9] және осы ведомстволық нормативтің ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Техникалық қадағалаудың функциялары:

- «Тапсырыс берушінің техникалық өкілі» ретінде құрылыс объектілерінде Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіру және қорғау;

- Мердігер дайындаған жұмыстарды жүргізу жобасын Тапсырыс берушіге келісу және бекітуге ұсыну, онда мыналар қарастырылады:

- 1) Құрылыстың, жөндеу жұмыстарының күнтізбелік жоспары;

- 2) Құрылыс, жөндеу, бас жоспарлар;

- 3) Ұйымдастырушылық-технологиялық схемалар;

- 4) Құрылыс конструкцияларына, бұйымдарға, материалдар мен жабдықтарға қажеттілік тізімдемесі;

- 5) Негізгі құрылыс машиналары мен көлік құралдарына қажеттілік кестесі;

- 6) Негізгі санаттар бойынша еңбек ресурстарына қажеттілік кестесі;

- 7) Сапаны бақылау жоспары;

- 8) Қозғалысты ұйымдастыру жоспары;

- 9) Қоршаған ортаны қорғау жоспары;

- 10) Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі жоспары;

- 11) Түсіндірме жазба;

- 12) Мердігермен және/немесе материалдарды жеткізушілермен үлестес байланысы жоқ, шарт негізінде тартылатын аккредиттелген зертхананың жеке зертханасының болуы немесе жазбаша растамасы;

- тапсырыс беруші мен Мердігер өткізетін шарт (келісімшарт) шеңберінде техникалық және ұйымдастырушылық кеңестерге қатысу;

- мердігермен жұмыстардың орындалу барысы туралы тұрақты ай сайынғы кеңестер өткізу;

- бақылау өлшеулерінің тізімдемесін, көзбен шолып тексеруді және басқа да тізімдемелерді жасау;

ҚР ВН 1.6-001-2025

- тапсырыс берушіге жұмыс нәтижелері, анықталған ақаулар, фотоесептерді қоса бере отырып, материалдар бойынша анықталған сәйкессіздіктер туралы ай сайынғы есептерді жіберу;

- ақаулардың туындау ықтималдығы жоғары объектілер (мысалы, қарқынды қозғалысқа ие, климаттық жағдайлары нашар немесе күрделі геодезиялық параметрлері бар учаскелер) неғұрлым жиі және егжей-тегжейлі тексеруден өтетін тәуекелге бағдарланған әдістемені қолдану;

- жүйеге күрделі ақаулар немесе апаттық жағдайлар анықталған жағдайда оқиғаларды басқару рәсімін бастау:

- а) Тапсырыс беруші мен Мердігердің жауапты тұлғаларын дереу хабардар ете отырып, объектінің жағдайы мен параметрлерін сипаттаумен оқиғаны тіркеу;

- б) жаңартылған құжаттама арқылы шаралардың орындалуын бақылау және оқиғаны аяқтау;

- анықталған ақаулар, апаттық жағдайлар және объектілерді тексеру нәтижелері туралы ақпарат алмасу үшін жергілікті бақылау және қадағалау органдарымен (мысалы, жол инспекцияларымен, өрт сөндіру қызметтерімен) жедел өзара іс-қимыл орнату. Мұндай байланыс кездесулер хаттамаларымен ресімделеді және бірыңғай цифрлық жүйеде тіркеледі;

- құрылыс, жөндеу аяқталған жол құрылысы объектілерін қабылдауға қатысу;

- консервациялауға жататын объектілерді қабылдауға, жол-құрылыс немесе жөндеу жұмыстарын консервациялауға немесе уақытша тоқтатуға арналған құжаттаманы ресімдеуге, сондай-ақ жол-құрылыс, жөндеу жұмыстарын консервациялаудан немесе уақытша тоқтатқаннан кейін жұмыстарды жалғастыру үшін Мердігерге беру кезінде қатысу;

- егер шартта (келісімшартта) көзделген болса, кепілдік кезеңінде объектіні (көктемде және күзде) комиссиялық маусымдық тексеруге қатысу.

5.3 Техникалық қадағалаудың міндеттері:

- жол-құрылыс немесе жол-жөндеу жұмыстары объектісінде жол жамылғылары мен автомобиль жолдарының құрылыстарының сапасын бағалау үшін қажетті жабдықтар мен аспаптардың болуын қамтамасыз ету;

- техникалық шарттардың болуын тексеру;

- жер учаскелері мен атқарушы түсірілімдердің болуын тексеру;

- қажетті нұсқаулар беруге уәкілетті Мердігердің барлық жұмыс уақыты ішінде құрылыс алаңдарында өз қызметкерлерінің болуын қамтамасыз ету;

- объектіде тікелей орындаушылардың өкілеттіктерінің және техникалық қадағалауды жүзеге асыру құқығына тиісті растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз ету;

- өндіріс объектілерінде қолданылатын жол-құрылыс материалдарының, конструкциялар мен бұйымдардың сапасын тексеру, оларды Қазақстан Республикасында қолданылатын стандарттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес зертханалық сынауды ұйымдастыру және

сапасын куәландыратын құжаттардың (техникалық паспорттар, сертификаттар, зертханалық сынақтардың нәтижелері және басқалар) болуын тексеру;

- бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада немесе техникалық құжаттамада айқындалған көлемде орындалатын жол-құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау, оның ішінде қолданылатын жол-құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының іріктеп кіріс және операциялық сәйкестігін бақылау. Материалдар мен конструкциялардың сапасына іріктеп бақылау жүргізу кезінде сынақ нәтижелерін кейіннен есепке қоа бере отырып фото және/немесе бейнетіркеу;

- жол материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын ескере отырып, автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды және жөндеуді жүзеге асыруды бақылау;

- құрылыс алаңдарында Мердігердің техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;

- жұмыстарды жүргізу қарқынының бекітілген кестеге сәйкестігін, көлемдерді материалдық ресурстармен және техникалық құралдармен жинақтау барысын, білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін бақылау;

- жол-құрылыс немесе жол-жөндеу жұмыстарының күнтізбелік жоспарының сақталуын және объектілердің мердігер шартында айқындалған мерзімдерде немесе нормативтік мерзімдерде пайдалануға берілуін бақылау;

- Мердігердің тендерлік ұсыныстарында көрсетілген объектілерде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдер тізбесінің сәйкестігін бақылау;

- Мердігердің жұмыстарды жүргізу объектісінде материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтаудың тиісті жағдайларын бақылау;

- Мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін, көлемі мен құнын ұзартуға, қосымша немесе күтпеген жұмыстар мен шығындарды өтеуге қатысты талаптарын тексеру және Тапсырыс берушіге ұсынымдар беру;

- Мердігерге мердігерлік шарттарды орындауға, материалдар мен бұйымдардың сапасын бағалауға, бөлу жұмыстары мен атқарушылық түсірілімдерді жүргізуге қатысты барлық мәселелер бойынша уақтылы көмек көрсету және қажетті нұсқаулар беру;

- Мердігердің атқарушылық құжаттаманы ресімдеуінің толықтығы мен дұрыстығын бақылау;

- Мердігер орындаған бөлу жұмыстары мен тік белгілерге тексеру жүргізу;

- жасырын және негізгі жұмыстардың сапасы мен көлемінің бекітілген жобалау-сметалық және техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін куәландыру және бағалау жүргізу;

- орындалған жұмыс көлеміне мерзімдік және түпкілікті өлшеулер жүргізу және олардың Мердігердің есептеріне сәйкестігі туралы қорытындылар беру;

ҚР ВН 1.6-001-2025

- Мердігердің жөндеу жұмыстарының сапасына зертханалық және геодезиялық бақылау жүргізуінің толықтығы мен дұрыстығын тексеру;

- геометриялық параметрлерді (белгілердің, қабаттардың ені мен қалыңдығын), төселетін қабаттардағы материалдың тығыздығын, пайдаланылатын материалдар мен конструкциялардың бекітілген жобалау-сметалық және техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін, кіріс, операциялық және қабылдау бақылауын жүзеге асыруды бақылау;

- салынып жатқан объектілердегі мемлекеттік нормативтер мен атқарушылық құжаттамаға, сенім білдірілген өлшеу құралдарына қажеттілікті мониторингілеу. Олардың тапшылығы туындаған кезде Тапсырыс берушіні және Мердігерді тиісті шаралар қабылдау үшін хабардар ету;

- бекітілген жобалау-сметалық немесе техникалық құжаттамаға сәйкес орындалған жұмыстардың көлемін және олардың құнын тексеру және бекіту және ҚР ВН 8.12-001 сәйкес Мердігермен аралық төлем кезінде немесе түпкілікті есеп айырысу кезінде орындалған жұмыстарды жасырын жұмыстар мен қабылдау актілерін растау;

- бұзушылық анықталғаннан кейін 24 сағат ішінде Тапсырыс берушіні жедел хабардар ету, сондай-ақ Мердігердің үлкен еңбек шығындарын талап ететін анықталған ақауларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуін және ұсынуын бақылау;

- түзетуге немесе қайта өңдеуге жататын ақаулы жұмыстардың көлемін анықтау, қажет болған жағдайда сапасыз орындалған жұмыстар мен сәйкес келмейтін материалдарды ауыстыру туралы нұсқамалар беру;

- Мердігердің автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама қорытындылары бойынша жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге уәкілетті ұйым анықтаған ақаулар мен бұзушылықтарды уақтылы жоюын бақылау;

- Тапсырыс беруші немесе мемлекеттік органдар бастамашылық жасаған тексерулерді жүргізу кезінде жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге уәкілетті ұйыммен өзара іс-қимыл жасау. Өзара іс-қимыл нәтижелері бірлескен актімен немесе ілеспе хатпен ресімделеді.

5.4 Техникалық қадағалаудың құқықтары:

- [2] сәйкес техникалық немесе жобалау-сметалық құжаттамада көзделмеген материалдар мен бұйымдарды, олардың көздерін қолдануды келісу, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы келісу және бекіту бойынша талап етілетін рәсімдерді ескере отырып, жұмыстарды жүргізу технологиясына өзгерістер енгізуді келісу;

- Мердігердің жартылай фабрикаттары мен конструкцияларын, олардың сапалық сипаттамалары мен жеткізу көздерін, материалдарды жеткізу басталғанға дейін келісу;

- Тапсырыс берушіні мердігерлік шартты іске асыруға қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін проблемалар немесе ықтимал проблемалар туралы хабардар ету және ұсынымдар беру;

- жобалау-сметалық құжаттамада сәйкессіздіктер анықталған кезде немесе қажет болған жағдайда жобалау шешімдерін өзгерткен кезде, Тапсырыс беруші көрсетілген мәселелерді шешу үшін материалдарды, бұйымдарды, конструкцияларды, жабдықтарды ауыстырған кезде ұсыныстар енгізу;

- Тапсырыс берушіге бүкіл объектінің немесе қоршаған ортаның сапасына немесе қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін жұмыстарды жүргізу қағидаларының бұзылуын және бекітілген жұмыс құжаттамасының сәйкессіздігін анықтаған кезде кемшіліктер жойылғанға дейін жұмыстарды тоқтата тұру туралы ұсынымдар беру;

- Орындалатын жұмыстардың сапасын және олардың бекітілген жұмыс құжаттамасына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша Мердігер қабылдайтын шаралар мен жұмыстарды тоқтата тұрудың әрбір фактісі туралы Тапсырыс берушіні дереу хабардар ету. Анықталған бұзушылықтар жойылғанын тексергеннен кейін жұмыстарды қайта бастауға жұмыстардың жалпы журналына тиісті жазба енгізу арқылы ғана рұқсат етіледі;

- Тапсырыс берушіге жұмыстарды жүргізу қағидалары мен нормативтік құжаттардың талаптарын жүйелі түрде бұзатын мердігерлермен мердігерлік шартты бұзу туралы ұсыныстар енгізу;

- Тапсырыс берушіге жұмысты мерзімінде аяқтау үшін қажетті ұсыныстарды ұсыну, ұсыныстар бойынша барлық қажетті құжаттарды дайындау;

- Тапсырыс берушіге төлем үшін ұсынылған құжаттарды түзету немесе өзгерту немесе нормативтік талаптарға және жобалық құжаттамаға сәйкес келмейтін жұмыс көлемдерінің құнын төлеуден алып тастау жөнінде ұсыныс енгізу;

- Тапсырыс берушіге құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы, орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы және құрылыс (реконструкция), жөндеу жөніндегі жұмыстарды аяқтау кезінде сәйкестік туралы декларацияның бекітілген нысандары бойынша жоба бойынша орындалған жұмыстардың сәйкестігі туралы қорытынды ұсыну.

6. Атқарушылық құжаттама

6.1 Атқарушылық құжаттаманың құрамы

6.1.1 Атқарушылық құжаттама жобалау шешімдерінің нақты орындалуын және салу, реконструкциялау, күрделі және орташа жөндеу объектілерінің және олардың элементтерінің жобалық құжаттамада айқындалған жұмыстардың аяқталуына қарай жай-күйін көрсететін мәтіндік және

ҚР ВН 1.6-001-2025

графикалық материалдар болып табылады. Атқарушылық құжаттаманы толық көлемде жүргізу орындалған жұмыстар мен материалдардың сапасын растау, сондай-ақ олар туралы ақпарат алу мақсатында міндетті талап болып табылады.

6.1.2 Негізгі атқарушылық құжаттаманың тізбесі ГОСТ 32756 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

6.1.3 Атқарушылық құжаттаманы жүргізуге қойылатын жалпы талаптар:

а) құрылыстың анықтығы және берілген материалдың логикалық реттілігі;

б) субъективті түсіндіру мүмкіндігін болдырмайтын тұжырымдардың қысқалығы және дәлдігі;

в) жұмыс нәтижелерін баяндаудың нақтылығы.

6.1.4 Атқарушылық құжаттаманы құрылысты жүзеге асыратын тұлға (Мердігер) жүргізеді және орындалған жұмыстардың жобаға және ҚР қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамасына сәйкестігі туралы Тапсырыс берушіге жазбаша қорытынды бере отырып, авторлық қадағалау және техникалық қадағалау қызметі тексереді.

6.1.5 Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды іріктеуді кіріс бақылауының есептері материалдармен жұмыс басталғанға дейін қалыптастырылатын міндетті құжат болып табылады және техникалық қадағалауды бекітуге жатады.

6.1.6 Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды келісілген іріктеу құрылыс алаңына түсетін материалдарды кіріс бақылаудың бірінші кезеңі болып табылады. Келісілген есеп негізінде жұмыстарды жүргізу кезінде Мердігер мәлімдеген материалдар, қоспалар, жартылай фабрикаттар мен конструкциялар тексеріледі, онда сапа сертификаттары мен нақтыланған тексерілген бақыланатын өлшемдер ұсынылады.

Әрбір материалға, қоспаға, катқа және конструкцияға есеп Мердігер мен техникалық қадағалау өкілдері қол қойған жеке кітап түрінде қалыптастырылады. Бастапқы деректер көрсеткіштерінің кем дегенде біреуі өзгерген жағдайда жаңа есеп қалыптастырылады.

Есепті қалыптастыру бойынша жұмыс барысы жобалау-сметалық және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес негізгі бақыланатын физика-механикалық, химиялық, геометриялық және технологиялық көрсеткіштер көрсетілетін материалды немесе қоспаны, жартылай фабрикатты немесе конструкцияны іріктеуге тапсырманы дайындаудан басталады.

6.1.7 Материалдардың түсуін бақылау сапа туралы құжаттарды және көлік құжаттарын тексеру, зертханадағы материалдардың сапалық сипаттамаларын растау және сапа туралы құжаттарда көрсетілген конструкциялардың геометриялық параметрлерін бақылау өлшемдерімен жүзеге асырылады. Құрылыс алаңына келіп түсетін барлық өнімді бақылау

мақсатында Мердігер материалдың немесе өнімнің кіріс бақылау журналын жүргізуі тиіс, онда өнімнің (немесе материалдың) келіп түскен күні, өнімнің атауы, сандық сипаттамалары және сапасы бойынша құжаттардың нөмірленуі көрсетіледі. Конструкциялардың геометриялық параметрлерін тестілеу және бақылау өлшемдері туралы зертханалық қорытындылар ресми ресімделеді және атқарушылық құжаттаманың бөлігі болып табылады.

6.1.8 Жүргізілетін жұмыс орнынан немесе қоймадан материалды іріктеу кезінде құрылыс алаңына келіп түскен материалды кез келген тексеру (кіріс, операциялық және аралық қабылдау бақылауы) кезінде сынама алу актілерін ресімдеу қажет.

6.1.9 Операциялық бақылау журналдары мен жұмыс журналдары, сондай-ақ топографиялық және зертханалық өлшеу журналдары және т.б. екі көшірмеде орындалады және технологиялық процестерді орындау кезінде ақпаратты тіркеу мақсатында қызмет етеді. Журналдарда көрсетілген ақпараттың негізінде жұмыстардың орындалу сапасын растау мақсатында жасырын жұмыстар актілеріне қоса берілетін сынақтардың хаттамалары мен ведомостары қалыптастырылады.

6.1.10 Атқарушылық геодезиялық құжаттама элементтер, құрылыстар конструкциялары бойынша атқарушылық геодезиялық схемалар, конструкциялардың атқарушылық сызбалары мен учаскелердің бейіндері, бақылау өлшемдерінің тізімдемелері, сондай-ақ жасырын жұмыстар актілеріне сандық көрсеткіштерді (көлемдерді) растау болып табылады.

6.1.11 Атқарушылық сұлбалар мен атқарушылық сызбалар үшін негіз ретінде жұмыс сызбалары пайдаланылады. Нақты өлшемдер, белгілер, қималар (диаметрлер), байланыстар және басқа да геометриялық параметрлер жобалық өлшемдерге (ҚР ВН 8.12-001 белгілеген шекті ауытқуларға сәйкес) сәйкес келген кезде атқарушылық сызбаларда міндетті түрде техникалық қадағалау қызметі (сарапшылар) «геометриялық параметрлер жобадан ауытқымайды» деген жазба жасайды.

Ауытқулар болған жағдайда «позициялар бойынша ауытқулар бар», жобаның алынған өзгерістеріне сәйкес (Тапсырыс берушінің хаты), «басқа позициялар бойынша ауытқулар жоқ» деген жазба жасалады. Атқарушылық геодезиялық құжаттама жасырын жұмыстар актілеріне орындалған жұмыстардың сапалық сипаттамаларын бағалау ретінде қоса беріледі.

6.1.12 Жасырын жұмыстар актісі жұмыстарды кейіннен орындауға мүмкіндік беретін орындалған жұмыстың сапасы мен көлемін растайтын құжат болып табылады. Жасырын жұмыстар актісі өз нөмірі бар және актілер тізілімімен орындалған жұмыстарға аралық ақы төлеу нысандарына қоса берілетін атқарушылық құжаттаманың міндетті құжаты болып табылады. Жасырын жұмыстар актілеріне мердігер, қосалқы мердігер (олар болған жағдайда), техникалық қадағалау және авторлық қадағалау өкілдері міндетті түрде қол қоюға тиіс. Жасырын жұмыстар актілеріне орындалған жұмыстардың сапалық сипаттамалары мен көлемін растайтын сынақтар мен

ҚР ВН 1.6-001-2025

өлшемдер хаттамалары қоса беріледі. Жасырын жұмыстар актілеріне қоса берілетін сынақтар мен өлшеулер хаттамаларында сапалық сипаттамасы мен көлемдерінің жобалау-сметалық және қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігі туралы техникалық қадағалау сарапшыларының қорытындылары міндетті түрде қойылады.

6.1.13 Атқарушы құжаттамада - сызбаларда, жасырын жұмыстар актілерінде және «жауапты» конструкциялардың сапасы мен көлемін растайтын басқа да құжаттарда ұсынылған ақпаратты тексергеннен кейін авторлық қадағалау қолы түріндегі сәйкестікті растау қосымша қойылады.

6.1.14 Атқарушылық құжаттаманы Мердігер екі түпнұсқа данада дайындайды (егер Тапсырыс берушімен шарттық міндеттемелерде өзгесі көзделмесе) және объектінің пайдалануға дайындығына түпкілікті бағалау жүргізілгенге дейін Мердігер мен Тапсырыс берушіде бір данадан сақтауға жатады.

6.1.15 Объектілерді пайдалануға бергеннен кейін жобалық құжаттама, атқарушылық құжаттама, оның ішінде «бір терезе» қағидаты бойынша құрылысты жүргізуді ұйымдастыру үшін порталда жасалған электрондық нысанда Мердігерге тұрақты сақтауға беріледі. Басқа көшірме Тапсырыс берушінің тұрақты сақтауында қалады.

6.2 Атқарушылық геодезиялық құжаттама

6.2.1 Атқарушы геодезиялық құжаттама үш данада жасалады: мердігер, техникалық қадағалау және Тапсырыс беруші үшін.

6.2.2 Атқарушы геодезиялық құжаттама элементтер, конструкциялар мен құрылыстар бойынша атқарушы геодезиялық схемалар, конструкциялардың атқарушы сызбалары мен учаскелердің пішіндері, бақылау өлшеулерінің тізімдемелері болып табылады.

6.2.3 Атқарушылық сұлбалар мен атқарушылық сызбалар үшін негіз ретінде жұмыс сызбалары пайдаланылады. Нақты өлшемдер, белгілер, қималар (диаметрлер), байланыстар және басқа да геометриялық параметрлер жобалық (белгіленген шекті ауытқулармен) сәйкес келген кезде атқарушылық сызбаларда міндетті түрде жазба жасалады:

«геометриялық параметрлер бойынша жобадан ауытқулар жоқ». Ауытқулар болған жағдайда «... позициялары бойынша ауытқулар бар, *келісу құжатына сілтеме көрсетіледі*....», басқа позициялар бойынша ауытқулар жоқ» жазбасы жазылады.

6.2.4 Құрылыспен аяқталған құрылымдық элементтердің атқарушылық сызбалары жеке сызба түрінде жасалады (А-0, А-1, А-2, А-3, А-4 пішінде), бойлық пішіндер үшін модульдік жүйені пайдалануға болады немесе конструкциялардың нақты өлшемдерін жаза отырып, жобалық жұмыс сызбалары қолданылады. Атқарушылық сызбалар (түпнұсқалар) мүмкіндігінше жобалық белгілер мен арақашықтықтарды нақты белгілерден

ажырататын және олардың оқылуын қамтамасыз ететін түстерде орындалуы тиіс.

6.2.5 Атқарушылық геодезиялық құжаттама орындалған жұмыстардың сапалық бағасын көрсететін тізімдемелер мен кестелер түрінде де орындалуы мүмкін.

6.2.6 Атқарушылық геодезиялық құжаттамада объектінің атауы, жөндеу немесе құрылыс түрі, оның мекенжайы, құрылыс салушының (Тапсырыс берушінің) атауы, құрылысты жүзеге асыратын тұлғаның атауы, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы, жобалау құжаттамасын дайындауды жүзеге асыратын тұлғаның атауы көрсетілуі тиіс.

6.2.7 Атқарушылық геодезиялық құжаттамаға ұсынылған деректерді тексергеннен кейін Мердігердің және техникалық қадағалаудың өкілі (сарапшылар) қол қояды. Жауапты конструкциялардың атқарушылық құжаттамасына ұсынылған ақпаратты тексергеннен кейін авторлық қадағалау қосымша қол қойылады.

6.2.8 Атқарушылық геодезиялық құжаттама жасырын жұмыстар актілеріне орындалған жұмыстардың сапалық сипаттамаларын бағалау ретінде қоса беріледі.

6.3 Геодезиялық бөлу негізін қабылдау

6.3.1 Геодезиялық бөлу негізін қабылдау актісі кіріс бақылауының құжаты болып табылады, оған сәйкес Тапсырыс беруші Мердігерге геодезиялық белгілерді одан әрі жиілетуді, құрылыстардың осьтерін шығаруды және жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру мақсатында реперлердің, жарма нүктелерінің және осьті бекіту нүктелерінің координаттары мен белгілерін береді.

6.3.2 Тапсырыс беруші құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау басталғанға дейін кемінде 10 күн бұрын мердігерге (құрылыс ұйымына) құрылысқа арналған геодезиялық бөлу негізіне техникалық құжаттаманы және құрылыс алаңында бекітілген негіз пункттерін кезең-кезеңімен беруге міндетті, оның ішінде:

- құрылыс алаңының бөлу желісінің белгілері;
- құрылыстардың бөлу желісінің план (осьтік) белгілері;
- нивелирлік реперлер;
- геодезиялық бөлу негізінің барлық тармақтарының координаттарының, биіктіктерінің және абристерінің каталогтары.

6.3.3 Құрылысқа арналған геодезиялық бөлу негізін қабылдауды актімен ресімдеу қажет. Актіге осы координаттар мен белгілердің, сондай-ақ олардың физикалық жай-күйінің бақылау растауымен геодезиялық белгілердің тізімдемелері мен схемалары қоса беріледі.

6.3.4 Жергілікті жердегі құрылыстардың осьтерін бөлу актімен ресімделеді. Актіге жергілікті жерде осьтер мен нүктелерді бөлу мен бекітудің

ҚР ВН 1.6-001-2025

геодезиялық схемалары, сондай-ақ нүктелердің координаттары мен белгілерінің ведомостары қоса беріледі.

6.4 Геодезиялық жұмыс журналдары

6.4.1 Геодезиялық жұмыс журналдарына геодезиялық жұмыстардың жедел журналы жатады.

6.4.2 Геодезиялық жұмыстардың жедел журналын геодезиялық жұмыстарды орындаушы жүргізеді:

- геодезиялық жұмыстармен айналысатын техникалық персоналдың тізімі жұмыстың басында толтырылады және орындаушыны ауыстырған кезде нақтыланады;

- геодезиялық жабдықтар мен құралдардың болуы және оларды метрологиялық куәландыру күні;

- келіп түскен құжаттаманың тізбесі жобалық шешімдердің өзгерістерін келісу алған кезде толтырылады;

- тірек пункттері – трассаны қалпына келтіру, биіктік негіздемесін жиілету желісін құру (қосымша реперлер), трассаның бұрылу бұрыштарының шыңдарын бекіту (жобада көрсетілген бекітпелер жойылған жағдайда), пикеттерді бекіту кезінде толтырылады;

- геодезиялық жұмыстар туралы күнделікті мәліметтер – жұмыстардың қысқаша мазмұны және жұмыстардың орындалуына жауаптылар жазылады.

6.5 Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды іріктеу есептерін ресімдеу

6.5.1 Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды іріктеу есебі материалдармен ауқымды жұмыстар басталғанға дейін қалыптастырылатын міндетті құжат болып табылады және техникалық қадағалаумен келісуге жатады. Материалдар қоспаларын іріктеу жол материалдары мен жаңа технологиялардың бірыңғай базасын ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

6.5.2 Қоспалар мен материалдарды, жартылай фабрикаттар мен конструкцияларды келісілген іріктеу құрылыс алаңына түсетін материалдарды кіріс бақылаудың бірінші кезеңі болып табылады.

6.5.3 Келісілген есеп негізінде жұмыстарды жүргізу кезінде мердігер мәлімдеген материалдар, қоспалар, жартылай фабрикаттар мен конструкциялар тексеріледі, онда түрлендіру диапазоны неғұрлым тар материалдардың нақтыланған бақыланатын көрсеткіштері ұсынылады.

6.5.4 Әрбір материалға, қоспаға, жартылай фабрикатқа және конструкцияға арналған есеп мердігердің өкілдері және техникалық қадағалау қол қойған жеке кітап түрінде қалыптастырылады. Бастапқы деректер көрсеткіштерінің бірі өзгерген жағдайда жаңа есеп қалыптастырылады.

6.5.6 Есепті қалыптастыру бойынша жұмыс барысы негізгі бақыланатын физика-механикалық, химиялық, минералогиялық, геометриялық және технологиялық көрсеткіштер көрсетілетін материалды немесе қоспаны, жартылай фабрикатты немесе конструкцияны таңдауға тапсырма дайындаудан басталады.

6.5.7 Келесі кезең бастапқы материалдардың барлық нормаланған көрсеткіштерінің сәйкестігін жинау және растау болып табылады:

- ҚР бастапқы материалдары мен сертификаттарының сапасы туралы құжаттардың болуын тексеру (сертификатталатын материалдар үшін);

- сынақ хаттамаларын қалыптастыра отырып, бастапқы материалдарды сынау;

- жобаға сәйкес барлық қажетті көрсеткіштерді, нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарын және сынақтардың нақты нәтижелерін салыстыру кестесінен тұратын сынақ хаттамасы түрінде бастапқы материалдың жарамдылығына салыстырмалы талдау жүргізу.

6.5.8 Қоспаны жекелеген бастапқы материалдардан іріктеген жағдайда, есепте қоспаның оңтайлы құрамын айқындай отырып және кейіннен барлық нормаланатын көрсеткіштерге сәйкестігін растай отырып, қоспаны кезең-кезеңімен іріктеу жүзеге асырылады:

- қоспаның құрамын аналитикалық есептеу;

- қоспаның құрамын зертханалық таңдау, қоспаны таңдаудың әртүрлі нұсқаларын (тұтқыр, су-цемент қатынасы әр түрлілігі және т.б.) қалыптастыруға және сынауға, графиктер мен тәуелділіктерді құруға негізделген;

- қоспаны таңдаудың әртүрлі нұсқаларын сынау кестесі бойынша оңтайлы құрамды анықтау;

- сынақ хаттамаларын қалыптастыра отырып, қоспаның оңтайлы құрамын зертханалық сынау;

- кесте түрінде ұсынылған, таңдалған қоспаның жоба талаптарына және нормативтік-техникалық құжаттамаға жарамдылығына салыстырмалы талдау жүргізу;

- бастапқы материалдарға қойылатын талаптарға және оларды мөлшерлеу дәлдігіне әсер ететін қоспа өндірісінің технологиялық ерекшеліктерін нақтылау;

- қоспаны дайындаудың соңғы рецептін жасалады.

6.5.9 Асфальтбетон және бетон қоспалары үшін есеп дайындау.

6.6 Зертханалық журналдар мен хаттамалар

6.6.1 Материалдарды сынау кезінде олардың қасиеттерін анықтау бойынша зертханалық журналдар жүргізіледі.

6.6.2 Журналда көрсетілген бақыланатын параметрлер ақпарат жинау бойынша қойылған міндеттерге байланысты толықтырылуы мүмкін.

ҚР ВН 1.6-001-2025

6.6.3 Журналдарда көрсетілген ақпарат негізінде жасырын жұмыстар актілеріне қоса берілетін сынақтар хаттамалары қалыптастырылады. Хаттамаларда бақыланатын өлшемшарттарды анықтау бойынша толық ақпарат көрсетіледі. Гранулометриялық қисықтарды сипаттау үшін ақпарат кестелік және графикалық түрде ұсынылады. Хаттамаларда бақыланатын көрсеткіштің көзі мен нормаланатын сандық сипаттамасы, нақты деректердің нормаланатын көрсеткіштерге сәйкестігі туралы қорытынды көрсетіледі. Сынақ хаттамаларына мердігер және техникалық қадағалау өкілдері (сарапшылар) қол қояды.

6.6.4 Сынақ хаттамалары 2 данада жасалады: бір данасы Тапсырыс берушіге беріледі, екіншісі мердігерде қалады және кемінде 5 жыл сақталады.

6.6.5 Материалдарды кіріс және шығыс бақылау бойынша статистикалық деректерді алу мақсатында материалдардың сапалық сипаттамалары бойынша жинақтаушы ақпаратты жүргізу ұсынылады.

6.7 Жұмыс журналдары

6.7.1 Жұмыс журналдары жұмыс процестерін сипаттайды және жедел ақпаратты тіркеуге қызмет етеді.

6.7.2 Жалпы жұмыс журналы (жұмыс өндірісі) негізгі өндірістік құжат болып табылады, онда мыналар көрсетіледі:

- технологиялық реттілік;
- құрылыс және өзге де арнайы монтаждау жұмыстарын жүргізу мерзімдері, сапасы және шарттары;
- жұмыстарды жүргізуге жауапты тұлғалар;
- құрылыс алаңына жобалық құжаттаманың түсуі. Журналды жүргізу ҚР ҚН 1.03-00 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.8 Жасырын жұмыстарды куәландыру және жауапты жұмыстарды қабылдау актілері

6.8.1 Жасырын жұмыстарды куәландыру және жауапты жұмыстарды қабылдау актілері орындалған жұмыстардың сапасы мен көлемін растайтын және жұмыстардың кейіннен орындалуына мүмкіндік беретін құжаттар болып табылады. Жасырын және жауапты жұмыстар актілері нөмірі бар және орындалған жұмыстарға аралық ақы төлеу нысандарына қоса берілетін атқарушылық құжаттаманың міндетті құжаттары болып табылады. Жасырын жұмыстарды куәландыру кейінгі жұмыстарды орындау басталғанға дейін жүргізіледі.

Егер кейінгі жұмыстар ұзақ үзілістен (алты айдан астам) немесе ауа-райының күрт өзгеруінен (жаңбыр, аяз және т.б.) кейін орындалатын болса, онда жасырын жұмыстарды куәландыру қайта жүргізіледі. Қайта куәландыру куәландырылған жұмыстар мен конструкциялар жойылғаннан кейін бүлінген

жағдайда да жүргізіледі. Бұл ретте жасырын жұмыстар актісіне ҚР ВН 8.12-001-де келтірілген нысандар бойынша іріктеп бақылау тізімдемелері қоса беріледі;

6.8.2 Жасырын және жауапты жұмыстарды куәландыру актілері мердігер мен Тапсырыс беруші арасындағы шарттың (келісімшарттың) талаптарына байланысты үш данада немесе одан да көп данада жасалады. Қол қойылған актілер орындалатын жұмыстардың сапасын тәуелсіз бақылауды жүзеге асыратын ұйымның (инженерлік сүйемелдеу, техникалық қадағалау) түпнұсқасында бір данадан Тапсырыс берушінің өкіліне сақтауға беріледі, үшінші данасы мердігер ұйымда қалады.

6.8.3 Жасырын және жауапты жұмыстар актілеріне орындалған жұмыстардың сапасы мен көлемін растайтын барлық құжаттар қоса беріледі:

- сәйкестікті сапалы бағалаумен пайдаланылатын материалдарды шығыс бақылау хаттамалары (актілері немесе бланкілері);

- сәйкестікті сапалы бағалаумен конструкциялар мен конструкциялардың геометриялық көрсеткіштерін бақылау хаттамалары (актілері немесе бланкілері);

- жұмыс көлемін есептеу тізімдемелері.

6.8.4 Жасырын және жауапты жұмыстар актілеріне қол қойылады:

- бас мердігердің өкілі;

- жұмыстарды орындаған жағдайда қосалқы мердігерлік ұйымның өкілі;

- техникалық қадағалау;

- жауапты құрылымдар үшін авторлық қадағалау.

6.8.5 Сәйкестіктің сапалық бағасын көрсете отырып, материалдар мен геометриялық сипаттамалардың сапа хаттамаларына мердігердің өкілі (жұмысты орындаған ұйымнан), аттестатталған сарапшылар (техникалық қадағалаудан) және авторлық қадағалау өкілі - жауапты конструкцияларда бақылау өлшеулері жүргізілген жағдайда қол қояды.

6.8.6 Жұмыс көлемі есептерінің тізімдемелеріне орындалған есептердің дұрыстығын растау мақсатында мердігердің өкілі (жұмысты орындаған ұйымнан) және аттестатталған сарапшылар (техникалық қадағалаудан) қол қояды.

6.8.7 Жасырын жұмыстар актілерін есепке алуды ұйымдастыру мақсатында жасырын және жауапты жұмыстар актілерінің тізілімі қалыптастырылады. Жасырын және жауапты жұмыстар актілерінің тізілімі олардың жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестігін бақылау мақсатында жұмыс түрі бойынша қорытынды көлемдерді шығара отырып, жұмыс түрлері бойынша қалыптастырылады.

6.8.8 Техникалық қадағалау мен мердігер бөлімшелерінің материалдарды қабылдау бойынша инспекциялық жұмыстарды, сондай-ақ мердігердің орындалған жұмыстарын жүргізу туралы ақпараттылығы үшін инспекция туралы сұрау жіберу қажет.

6.8.9 Жасырын жұмыстар мен аралық қабылдаулардың барлық актілерін цифрлық жазу электрондық-цифрлық платформада (бар болса) жүргізіледі.

7 Техникалық қадағалаудың жабдықтармен жарақтануы

7.1 Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде жол жамылғылары мен құрылыстарының сапасын бағалауға арналған техникалық қадағалау зертханасының жабдығы мен аспаптары 1, 2, 3-кестелерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

7.2 Техникалық қадағалаумен пайдаланылатын автомобиль жолдарының жол жамылғылары мен құрылыстарының сапасын бағалауға арналған өлшеу аспаптары мен жабдықтары өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде [10] тіркелуі және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілуі, сондай-ақ ГОСТ ISO/ IEC 17025 және ҚР СТ 2.254 талаптарына сәйкес мерзімді метрологиялық аттестаттаудан, тексеруден, калибрлеуден өткені туралы жарамды сертификаты болуы тиіс.

Жалға алынған және/немесе өзге де негіздерде тартылған өлшеу аспаптары мен жабдықтарын қолдануға жол беріледі.

1-кесте - Салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде жол жамылғыларының сапасын бағалауға арналған жабдықтар мен аспаптар

Жұмыстардың атауы	Саны
1. Геометриялық параметрлерді бақылау	
1 Өлшеу шегі 50 м металл өлшеу рулеткасы немесе лазерлік қашықтық өлшегіш	1
2 Өлшеу шегі 300 мм металл өлшеу сызғышы	1
3 Өлшеу шегі 200 мм штангенциркуль	1
4 Нивелир	1
5 Нивелирлік рейка	1
6 Тахеометр немесе геодезиялық GPS қабылдағыш.	1
2. Тегістікті және ілінісу қасиеттерін бақылау	
1 Мынадай техникалық параметрлері бар негіздер мен жамылғылардың тегістігін бақылауға арналған сына (өлшегіш) үш метрлік металл рейка: рейка астындағы саңылауларды өлшеу диапазоны 0,5 мм-ден 15 мм-ге дейін, еңістерді өлшеу диапазоны 0 промилледен 100 промиллеге дейін, еңістерді 1:1, 1:1.5, 1:2, 1:3 арақатынаста өлшеу шұңқырларды жөндеуден басқа).	1

1-кестенің соңы

Жұмыстардың атауы	Саны
3. Жол төсемесінің беріктігін бақылау	
1 Статикалық жүктеу әдісімен сынау кезінде жамылғы бетінің иілуін өлшеуге арналған ұзын базалық иілгіш өлшегіш	1
2 Серпімділік модулін анықтауға арналған қатты қалып	1
3 Жол жамылғысынан керндерді немесе кесінділерді алу үшін жылжымалы бұрғылау қондырғысы	1
4 Жамылғыдан керндерді алуға арналған қысқыштар	1
5 Өзек таңдау тәжі	1
6 Келесі параметрлерге ие тығыздық өлшеуіш: тығыздықты өлшеу диапазоны 0.93-тен 2.7 г/см ³ дейін, бірлік өлшеу уақыты 4 секундтан 30 секундқа дейін, сонымен қатар GPS/GLONASS қабылдағыш және 2500 өлшемге дейінгі нәтижелер жады немесе сандық деректерді өңдейтін электромагниттік ядролық емес құрылғы	1
4. Темірбетон бұйымдарын бақылау	
1 Бетонның беріктігін бұзбай бақылау құралы	1
5. Асфальтбетон қоспаларының сапасын бақылау	
1 Биметалды термометр	1
2 А/б төселетін қабаттың қалыңдығын анықтауға арналған сүңгі	1
6. Жайластыру элементтерін бақылау	
1 Жол белгілеріне арналған ретрорефлектометр	1
2 Жол таңбасына арналған ретрорефлектометр	1
3 Қол люксометрі	1
4 Жолдың жарықтығын өлшеуге арналған мобильді қондырғы	1

2-кесте - Салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезіндегі техникалық қадағалау зертханасының жабдығы

Аспаптар мен зертханалық жабдықтардың атауы	Саны
1 Үстел немесе циферблатты таразы	1
2 Дөңгелек (шаршы) тесіктері бар шағыл тасқа арналған електер жинағы	1
3 Дөңгелек (шаршы) тесіктері бар құмға арналған електер жинағы	1
4 Резеңке ұшы бар келсап	1
5 100, 500, 1000 мл өлшеуіш шыны цилиндр	2
6 Күрек-қалақша	2
7 Беті тегіс жалпақ пластиналар	2
8 Материалдарды сумен қанықтыруға арналған 3,5,10 л ыдыс	1
9 100,250,350, 500°С термометр	5

2-кестенің жалғасы

Аспаптар мен зертханалық жабдықтардың атауы	Саны
10 50,100 см металл сызғыш	2
11 Штангенциркуль	2
12 Диаметрі 110-120 мм шыны құйғыш	2
13 Противень	10
14 Вакуумдық құрылғы	2
15 Зертханалық араластырғыш	1
16 Кептіру шкафы	2
17 топырақ сынамаларын іріктеуге арналған сақина-топырақ алғыш жиынтығы бар құрылғы	3
18 Васильевтің теңгергіш конусы	2
19 Сүзілу коэффициенті анықтауға арналған аспап СКА	1
20 Максималды күші 500 кН дейінг гидравликалық баспақ	1
21 Ішкі диаметрі 75 және 150 мм сәйкесінше биіктігі 75 және 150 мм алынбалы түбі мен тығынжылы бар болат цилиндрлер	1
22 Зертханалық жақтақлы ұсатқыш	1
23 Сөрелік барабаны	1
24 12 дана болат немесе шойын шарлар	1 жиынтық
25 Температураны минус (20+2) °С дейін ұстап тұруды қамтамасыз ететін мұздатқыш камера	1
26 Байланыссыз материалдардан төселген қабаттардың тығыздығын анықтауға арналған құм конусы	2
27 Минералды ұнтақтың тығыздығын анықтауға арналған қалып	1
28 Минералды ұнтақтың ісінуін анықтауға арналған қалып	1
29 Қосымша 170г жүктемесі бар Вик аспабы	1
30 Морттық температурасын анықтауға арналған Фраас аспабы	1
31 Вискоз өлшегіш	1
32 «Сегіз» пішінге ие дуктилометр	1
33 Пенетрометр	1
34 Пенетрация инесі	2
35 Пенетрациялық шыныаяқтар	4
36 Температураны сақтау дәлдігі +0,5 °С Термостат	1
37 «Сақина және шар» жұмсару температурасын анықтау құралы	1
38 Ашық отбақырда тұтану температурасын анықтау құралы	1
39 Битумның меншікті салмағын анықтауға арналған пикнометр	1
40 Битумдағы судың мөлшерін анықтауға арналған аспап	1
41 Қыздырғаннан кейінгі жұмсару температурасының өзгеруін анықтауға арналған шыныаяқтар	2
42 Зертханалық діріл алаңы	1

2-кестенің соңы

Аспаптар мен зертханалық жабдықтардың атауы	Саны
43 Сынамаларды сығуға арналған жабдық	1
44 Суық асфальтбетон қоспаларының тығыздалуын анықтауға арналған аспап	1
45 Суық асфальтбетон қоспаларының тығыздалуын анықтауға арналған қалып	2
46. Сағат типіндегі индикаторы бар асфальтбетонның ығысуға төзімділігін анықтауға арналған құрылғы	1
47 Диаметрі 100, 150 мм алмас тәждері бар асфальтбетон жамылғысынан керндерді іріктеуге арналған қондырғы	1
48 Гидравликалық жапқышы бар ванна	1
49 Бетон сынамаларын дайындауға арналған (70,7x70, 7x70,7) мм;(100x100x100) мм; (150x150x150) мм қалыптар	3
50 (100x100x400) мм; (40x40x160) мм арқа қалыптары	3
Жүктемені жартылай сынама-арқалықтарға беруге арналған (70x70) мм пластиналар	1
52 Күйғышы бар стандартты конус	1
53 Арқалықтардың иілуін сынауға арналған құрылғы	1
54 Тоңазытқыш (мұздатқыш камера)	1
55 Шыны термометр	1
56 Муфель пеші	1
57 Асфальтбетонға арналған електер жиынтығы	1
58 Маршалл схемасы бойынша асфальтбетон сынамаларының ығысуға төзімділік сипаттамаларын анықтауға арналған құрылғы (101 мм, 71,4 мм)	1
59 Өлшегіш колбалар	1
60 Гидростатикалық таразылар	1
61 Асфальтбетон сынамаларын дайындауға арналған қалып (101 мм, 71,4 мм)	1

**3-кесте - Орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық
қадағалау зертханасының жабдығы**

Аспаптар мен зертханалық жабдықтардың атауы	Саны
1 Үстел немесе циферблатты таразылар	1
2 Дөңгелек (шаршы) саңылаулары бар шағыл тасқа арналған електер жиынтығы	1
3 Дөңгелек (шаршы) тесіктері бар құмға арналған електер жиынтығы	1
4 Резеңке ұшы бар келсап	1

3-кестенің соңы

Аспаптар мен зертханалық жабдықтардың атауы	Саны
5 100, 500, 1000 мл шыны өлшеуіш цилиндр	2
6 Күрек-қалақша	2
7 Материалдарды сумен қанықтыруға арналған 3,5,10 л ыдыс	1 данадан
8 250,350, 500°C термометр	5 данадан
9 50,100 см металл сызғыш	2
10 Штангенциркуль	2
11 Противень	10
12 Вакуум-аспап	1
13 Зертханалық араластырғыш	1
14 Кептіру шкафы	2
15 Максималды күші 500 кН дейінг гидравликалық баспақ	1
16 Температураны минус (20+2) °C дейін ұстап тұруды қамтамасыз ететін мұздатқыш камера	1
17 Байланыссыз материалдардан төселген қабаттардың тығыздығын анықтауға арналған құм конусы	2
18 “Сақина және шар» жұмсару температурасын анықтау құралы	1
19 Қыздырғаннан кейінгі жұмсару температурасының өзгеруін анықтауға арналған шыныаяқтар	2
20 Сынамаларды сығуға арналған жабдық	1
21 Прибор для определения слеживаемости холодных асфальтобетонных смесей	1
22 Суық асфальтбетон қоспаларының тығыздалуын анықтауға арналған қалып	2
23 Диаметрі 100, 150 мм алмас тәждері бар асфальтбетон жамылғысынан өзектерді іріктеуге арналған қондырғы	1
24 Бетон үлгілерін дайындауға арналған (70,7x70, 7x70,7) мм;(100x100x100) мм; (150x150x150) мм қалыптар (100x100x100) мм; (150x150x150) мм (при необходимости)	3
25 (100x100x400) мм; (40x40x160) мм арқа қалыптары	3
26 Жүктемені жартылай сынама-арқалықтарға беруге арналған (70x70) мм пластиналар (қажет болған жағдайда)	1
27 Құйғышы бар стандартты конус	1
28 Арқалықтардың иілуін сынауға арналған құрылғы	1

8 Сынақ учаскесі

8.1 Сынақ учаскесін салудың негізгі мақсаттары:

- төселген жол төсемесінің қажетті тығыздығын қамтамасыз ету үшін төсеу температурасы, тығыздау режимдері және басқа жұмыстарды жүргізудің технологиялық параметрлерін оңтайландыру.
- қолданылатын материалдар сипаттамаларының жобалау және нормативтік талаптарға, автожол саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық талаптарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін растау.
- жұмыстың негізгі көлемін өндіру кезінде ақаудың пайда болу қаупін азайту.

8.2 Участкеге қойылатын талаптар:

- сынақ учаскесінің орналасқан жері құрылыстың негізгі объектісіне тән біртекті жағдайларға ие (топырақ, жер бедері, инженерлік коммуникациялардың болмауы) жолдың түзу сызықты учаскесінде таңдалуы тиіс;
- сынақ учаскесінің ұзындығы барлық қажетті технологиялық операциялар мен өлшемдерді орындау үшін жеткілікті болуы тиіс. Сынақтардың ұзындығы кемінде 100 м болуы тиіс;
- сынақ учаскесінің ені жолақтың еніне сәйкес келуі керек;
- сынақ учаскесін салу кезінде қолданылатын материалдарды, жабдықтарды және технологиялық операцияларды қоса алғанда, негізгі жұмыстарды жүргізу кезіндегі жағдайлар қамтамасыз етілуі тиіс. Төселген жол төсемелері қажетті қалыңдыққа дейін тығыздалуы керек. Сынама асфальтбетон қоспасы жұмыстарды орындау үшін көзделген техниканы пайдалана отырып тасымалдануы, төселуі және тығыздалуы тиіс;
- құрылыс процесінде карьер өзгерген кезде құрамды таңдауды қайта қарап, сынақ учаскесін қайтадан төсеу қажет.

8.3 Құрылысқа дайындық:

- сынақ учаскесін салу басталғанға дейін 5 күнтізбелік күн бұрын Мердігер Техникалық қадағалауға жұмысты орындау жөнінде ұсыныс беруге, сондай-ақ мынадай мәліметтерді қамтитын сынақ учаскесі бойынша жұмыстар бағдарламасын әзірлеуге және келісуге ұсынуға міндетті:
- сынақ қоспаларын сынау нәтижелерімен және негіздемелік жазбалармен расталған қоспаның пропорциялары.
- нәтижелерді және нормативтік талаптарға сәйкестікті қоса алғанда, инертті материалдар мен тұтқыр заттардың жүргізілген сынақтарының сипаттамасы.
- асфальтбетон құрамын таңдау.
- өткізілген іс-шаралардың сипаттамасын және олардың нәтижелерін қоса алғанда, асфальтбетон/цементбетон зауытын (АБЗ/ЦБЗ) баптау процесі.

ҚР ВН 1.6-001-2025

- әр қабат үшін төсеу және тығыздау процедуралары, соның ішінде катоктардың питі мен саны, сондай-ақ қажетті тығыздалуға жеткенге дейін өту саны.

- көлік қозғалысының схемалары және жұмыс орнын қоршау, қозғалысты ұйымдастыру жоспары.

- жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар, еңбекті қорғау жоспары, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі. Қазақстан Республикасында тіркелген және қолдануға рұқсат етілген, сондай-ақ мерзімді метрологиялық аттестаттаудан өткені туралы жарамды сертификаты бар пайдаланылатын өлшеу аспаптары мен зертханалық жабдықтардың тізбесі.

8.4 Жұмыстарды жүргізу:

- техникалық қадағалау технологиялық параметрлердің сақталуына, өлшеулер мен сынақтардың орындалуына үздіксіз операциялық бақылауды жүзеге асырады, барлық деректерді жұмыс журналдарына тіркейді.

- қажет болған жағдайда, Жұмыс бағдарламасына өзгерістерді міндетті негіздей отырып, Техникалық қадағалаумен және Тапсырыс берушімен келісім бойынша түзетулер енгізілуі мүмкін.

8.5 Бақылау іс-шаралары:

- сынақ учаскесінде жобаға және нормативтік талаптарға сәйкес тиісті жұмыс түрлерінің сапасын бақылау үшін көзделген барлық бақылау өлшемдері мен зертханалық сынақтар жүргізіледі. Атап айтқанда, тексеріледі:

- шағыл тас және құм қабаттары: қалыңдығы, тығыздау коэффициенті, тегістігі.

- асфальтбетон: төсеу температурасы, қоспаның маркасы, қабаттардың ілінісуі, тығыздау, жамылғыға дейінгі және кейінгі жамылғы қабатының қалыңдығы, тығыздау коэффициентін анықтау.

- геотоқыма, геотор, геошарбақ, геокомпозиттер: орналасуы, керілуі, зақымданулардың болмауы.

- су бұру, еңістер: еңіс.

- өлшеулер мен сынақтардың нәтижелері нақты деректердің нормаланатын көрсеткіштерге сәйкестігін растайтын тиісті хаттамалар мен журналдарда тіркелуге тиіс. Гранулометриялық қисықтарды сипаттау үшін ақпарат кестелік және графикалық түрде ұсынылады. Хаттамаларда бақыланатын көрсеткіштің көзі мен нормаланатын сандық сипаттамасы, нақты деректердің нормаланатын көрсеткіштерге сәйкестігі туралы қорытынды көрсетіледі. Сынақ хаттамаларына Мердігердің өкілдері және Техникалық қадағалау (сарапшылар) қол қояды.

8.6 Нәтижелерді ресімдеу және шешім қабылдау:

- сынақ учаскесін сынау нәтижелері бойынша Мердігер егжей-тегжейлі есеп жасайды, ол сынақ учаскесіндегі жұмыстар сәтті аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде Тапсырыс берушіге және Техникалық қадағалауға ұсынылуы тиіс. Есеп мыналарды қамтуы керек:

- жұмыс объектісі мен учаскесі туралы жалпы мәліметтер.
 - нәтижелерді және нормативтік талаптарға сәйкестікті қоса алғанда, инертті материалдар мен тұтқырғыштарға жүргізілген сынақтарының сипаттамасы.
 - асфальтбетон құрамын іріктеу.
 - өткізілген іс-шаралардың сипаттамасын және олардың нәтижелерін қоса алғанда, асфальтбетон зауытын баптау процесі.
 - асфальтбетон қоспасын тасымалдау қашықтығы мен уақыты туралы деректер.
 - асфальтбетон зауытынан шыққан кезде, төсеу кезінде және төсеу аяқталғаннан кейін қоспаның температурасы туралы ақпарат.
 - катоктардың саны мен массасы.
 - катоктардың өту саны.
 - асфальттөсегіштер мен катоктардың жылдамдығы.
 - нығыздауға дейін және одан кейінгі жамылғы қабатының қалыңдығы.
 - тығыздау коэффициентін анықтау.
 - процесс пен нәтижелерді фото және бейнетіркеу. Зертханалық сынақ хаттамалары.
 - технологияның жарамдылығы туралы техникалық қадағалау қорытындысы.
 - тексеру сынақтары бойынша ұсыныстар сынақ учаскесінің сынақтары сәтті аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде Тапсырыс берушінің өкіліне ұсынылуы тиіс. Тапсырыс берушінің өкілі есепті алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қарсылық білдіруге құқылы.
 - Техникалық қадағалаудың есебі мен қорытындылары негізінде Тапсырыс беруші негізгі жұмыстарды жүргізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды.
 - сынақтардың теріс нәтижесі, талаптарға сәйкес келмеуі немесе ақаулар болған кезде сынақ учаскесі қайта өңдеуге жатады және сынақтар қайталанады. Жұмыстарды жаппай орындауға рұқсат (жазбаша ресімделеді) сынақ учаскесінде бақылаудың барлық кезеңдері сәтті өткеннен кейін ғана беріледі.
- 8.7 Сынақ учаскесі құрылыс материалдарын өндіруші, жолдарды салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу барысында инертті материалдарды өндіру орны өзгерген кезде қайта жүргізіледі.

9 Техникалық қадағалау жөніндегі жұмыстардың құрамы

9.1 Жалпы ережелер

Автомобиль жолын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезіндегі техникалық қадағалаудың бақылау функциялары кіріс, операциялық және қабылдау бақылауын жүзеге асыру арқылы іске асырылады.

9.2 Кіріс бақылау

9.2.1 Кіріс бақылауына мыналар кіреді:

- техникалық құжаттаманы бақылау;
- материалды жеткізу көздерін келісу (егер жобаның техникалық құжаттамасында көзделмесе);
- конструкцияларды, бұйымдарды, материалдар мен жабдықтарды бақылау;
- бастапқы геодезиялық желіні бақылау.

Кіріс бақылау деректері техникалық құжаттамаға сәйкестігі туралы есептермен, материалдарды қабылдау журналына жазумен және қабылдау актілерімен ресімделеді.

9.2.2 Техникалық құжаттаманың кіріс бақылауы кезінде оның толықтығы, жұмыс жүргізу үшін ондағы ақпараттың толықтығы мен жеткіліктілігі тексерілуі тиіс. Кіріс бақылауы кезінде техникалық қадағалау Мердігермен бірлесіп геодезиялық негіздің (реперлердің, маркалардың және т.б.) белгілері мен координаттарын және жасанды құрылыстардың осьтері мен биіктік жағдайларын заттай бақылау өлшемдерін және бекітуді қоса бере отырып, актімен ресімделетін жергілікті жердегі объект осьтерінің жағдайын куәландыруды жүзеге асырады.

9.2.3 Конструкцияларды, бұйымдар мен материалдарды кіріс бақылауы екі кезеңге бөлінеді.

9.2.4 Бірінші кезең - материалды немесе конструкцияны қолдануды техникалық қадағалаудан болжамды жеткізушілерден дайындама басталғанға дейін мақұлдау алу. Мердігер өнім берушіден сапаны куәландыратын құжаттарды ұсынуы және сапа сипаттамаларын растай отырып, сапа параметрлерін бақылау өлшемдерін жүргізуі тиіс. Есепті ресімдеу және оны материалды немесе құрылымды объектіде пайдалану үшін қарау және келісу үшін техникалық қадағалауға беру. Мақұлдау алғаннан кейін Мердігер мақұлданған материалды немесе құрылымдарды объектіге әкелуді бастауы мүмкін;

9.2.5 Екінші кезең – құрылыс алаңына түсетін материалдарды немесе конструкцияларды кіріс бақылау. Бұл кезеңде жеткізілім көлемі, ілеспе құжаттар және материалдардың (конструкциялар мен жартылай фабрикаттардың) сапалық көрсеткіштері [4] талаптарына және техникалық құжаттамаға, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес кезеңділікпен бақыланады. Конструкцияларды, бұйымдар мен материалдарды кіріс бақылауы кезінде техникалық қадағалау олардың ҚР ВН 8.12-001 сәйкес техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

9.2.6 Ілеспе құжаттарсыз келіп түсетін конструкциялар, материалдар мен жиынтықтаушы бұйымдар өндіріске техникалық қадағалау тарапынан

жіберілмеуі тиіс. Ілеспе құжаттар болмаған жағдайда, Мердігердің персоналы жетіспейтін құжаттарды алу мақсатында өнім берушілерге хабарлауға тиіс.

9.2.7 Техникалық құжаттамаға және нормативтік талаптарға сәйкес келмейтін конструкцияларды, бұйымдар мен материалдарды жеткізген жағдайда Мердігер мен Техникалық қадағалау өкілдері ақаулы деп тану актісін жасайды және анықталған ақаулар туралы өнім берушілерге хабарлайды. Конструкциялар, бұйымдар мен материалдар пайдаланылмауы тиіс және өнім берушілерге кері жөнелту әдістері немесе жою әдістері туралы шешім қабылданған сәтке дейін сақтауда болады. Ақаулы деп танылған өнім құрылыс алаңынан шығарылады.

9.2.8 Құрылыс алаңына түсетін материалдарды немесе конструкцияларды кіріс бақылау, материалдарды зертханалық сынау, материалдардың сапалық сипаттамалары бойынша жинақтаушы ақпарат ҚР ВН 8.12-001 сәйкес нысандар бойынша ресімделеді.

9.2.9 Зертханалық сынақтардың кемінде 10 % сапаны растауға мүдделі тараптар (мердігер, техникалық қадағалау, қажет болған жағдайда авторлық қадағалау) өкілдерінің қатысуымен және Б қосымшасына сәйкес актіні ресімдеумен ғана жүргізілуі мүмкін.

9.3 Операциялық бақылау

Сапаны операциялық бақылау жөндеу жұмыстарының технологиялық (өндірістік) процестерін орындау барысында жүзеге асырылады және бұзушылықтарды, ақауларды уақтылы анықтауды және оларды жою және алдын алу бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз етеді.

9.3.2 Операциялық бақылауды жүзеге асыру жол-жөндеу жұмыстарының барлық тәсілдеріне, технологиялық процестеріне, әдістері мен кезеңдеріне, сондай-ақ жол қозғалысы қауіпсіздігіне қолданылады. Әрбір операция үшін бақыланатын параметрлер, тексеру саны мен орны реттеледі.

9.3.3 Операциялық бақылау кезінде техникалық қадағалау орындалатын жұмыстардың техникалық құжаттамаға, жұмыс сызбаларына, жұмыс жүргізу жобасына, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаға және қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі жоспарларға сәйкестігін тексереді. Операциялық бақылауды орындау нәтижелері ҚР ВН 8.12-001 ұсынылған тексеру бланкілерінде тіркеледі.

9.3.4 Сондай-ақ техникалық қадағалау ҚР ВН 8.12-001 сәйкес ресімделген есепті күнгі жағдай бойынша жұмыс жүргізу объектісі бойынша бекітілген жұмыс бағдарламасына сәйкес жөндеу кезеңіне негізгі жұмыстардың орындалуын талдауды, негізгі жұмыстарға материалдар дайындауды, жабдықтар мен мердігер персоналын орташа айлық жұмылдыруды жүзеге асырады.

9.3.5 Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау, жол активтерін басқару кезінде жұмыстар мен материалдардың

ҚР ВН 1.6-001-2025

сапасына сараптама жүргізуге уәкілетті ұйымнан жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізудің теріс қорытындыларын алған кезде Тапсырыс берушіге барлық тараптардың қатысуымен комиссиялық сынақтар жүргізуге бастамашылық жасайды.

9.3.6 Комиссиялық сынақтарды өткізу тәртібі Тапсырыс беруші мен уәкілетті ұйымның автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстау кезіндегі жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге, сондай-ақ жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жол активтерін басқаруға арналған өзара іс-қимылы жөніндегі салалық нормативтік құжаттардың ережелерімен регламенттеледі.

9.4 Қабылдау бақылауы

9.4.1 Қабылдау бақылауын жүзеге асыру барысында мердігер орындаған құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі, жасырын және жауапты жұмыстарды куәландыру және ҚР ВН 8.12-001 сәйкес белгіленген нысанда актілерді ресімдей отырып, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау жүргізіледі.

9.4.2 Техникалық қадағалау сарапшысының жұмыстарын куәландыру немесе қабылдау Мердігерден алдағы жұмыстарды куәландыру және қабылдау туралы хабарлама келіп түскеннен кейін жүргізіледі.

9.4.3 Техникалық қадағалау өкілі Мердігер өкілінің, ал қажет болған жағдайда қосалқы мердігерлік құрылыс ұйымдарының (олар орындаған жұмыстарды куәландыру және қабылдау кезінде) және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын жобалау ұйымының өкілдерінің қатысуымен жұмыстарды куәландыруды және қабылдауды жүргізеді.

9.4.4 Техникалық қадағалау өкілінің талап етуі бойынша жұмыстардың дұрыстығын растау үшін конструкцияларды ашу жүргізіледі, ашу Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен, ал сапа бойынша талаптардың бұзылуы Мердігердің қаражаты есебінен жүргізіледі. Жасырын жұмыстарды және жауапты жұмыстарды куәландыру нәтижелері бойынша ҚР ВН 8.12-001 сәйкес акт жасалады.

9.4.5 Жасырын және жауапты жұмыстарды куәландыру кейінгі жұмыстарды орындау басталғанға дейін жүргізіледі. Егер кейінгі жұмыстарды ұзақ үзілістен (алты айдан астам) немесе ауа-райының күрт өзгеруінен (жаңбыр, аяз және т.б.) кейін орындау қажет болса, онда жасырын және жауапты жұмыстарды куәландыру қайта жүргізіледі. Қайта куәландыру, сондай-ақ куәландырылған жұмыстар мен конструкциялар бүлінген жағдайда, зақымданулар жойылғаннан кейін жүргізіледі.

9.4.6 Жасырын және жауапты жұмыстарды куәландыру, жауапты конструкцияларды аралық қабылдау, сондай-ақ оларға ақы төлеу үшін

орындалған жұмыстарды қабылдау кезінде техникалық қадағалау жөніндегі сарапшы мердігерден ҚР ВН 8.12-001 сәйкес құжаттаманы талап етеді.

9.4.7 Қабылдау бақылауын жүзеге асыру барысында жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуге уәкілетті ұйым берген жұмыстар мен материалдар сапасына сараптама нәтижелері туралы оң қорытынды есептің болуы тексеріледі.

9.4.8 Орындалған жұмыстарды оларды төлеу үшін қабылдауды құрылыс мердігерлік шартында белгіленген тәртіппен техникалық қадағалау өкілі жүргізеді. Есептік кезеңде объектіні салу немесе құрылыс жұмыстарын орындау үшін қажетті ай немесе уақыт кезеңі қабылдануы мүмкін. Қабылдау нәтижелері бойынша орындалған құрылыс жұмыстарын қабылдау актісі ресімделеді, оған техникалық қадағалау өкілі үш жұмыс күні ішінде [7] сәйкес бұрыштама қояды.

10 Салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде объектілерді қабылдау және пайдалануға беру

10.1 Жалпы ережелер

Автомобиль жолдарын салғаннан, реконструкциялағаннан және жөндегеннен кейін объектіні қабылдау және пайдалануға беру құрылыс процесінің соңғы кезеңі болып табылады, оның мақсаты орындалған жұмыстардың жобалық құжаттамаға, қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына және шарт талаптарына сәйкестігін растау болып табылады.

10.2 Салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу кезінде

10.2.1 Салынған объектіні қабылдау мен пайдалануға беруді Тапсырыс беруші бекітілген жобаға сәйкес толық дайын болған және сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың техникалық және авторлық қадағалаулардың қатысуымен бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындылар болған кезде жүргізеді.

10.2.2 Мердігерден (бас мердігерден) объектінің пайдалануға қабылдауға дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін тапсырыс беруші мердігерден және техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамдардан сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны сұратады.

Мердігер мен техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын адамдар сұрау салуды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде сәйкестік туралы декларацияны, жөндеу жұмыстарының сапасы және орындалған

ҚР ВН 1.6-001-2025

жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытындыны немесе теріс қорытындыны ұсынады.

10.2.3 Салынған объектіні пайдалануға қабылдау [8] сәйкес, [11] нысан бойынша актімен ресімделеді.

10.2.4 Салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісіне Тапсырыс беруші, мердігер (бас мердігер), техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалар орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы сәйкестігі және қорытындысы туралы декларация негізінде қол қояды.

10.2.5 Объектіні пайдалануға қабылдау кезінде техникалық қадағалау міндеттеріне мыналар кіреді:

- құрылысы аяқталған объектінің дайындығын белгілеу және құжаттамалық растау;
- орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына, нормативтік талаптарға (шарттарға, шектеулерге) сәйкестігін бағалау;
- бекітілген жобаның нормативтік талаптарын сақтау бойынша немесе ауытқулардың болуы бойынша жұмыстарды орындаушының іс-қимылдарын белгілеу және оларды мемлекеттік нормативтерде белгіленген тәртіппен келісу;
- объектінің қолданысқа енгізілетін қуатының (өткізу қабілеттілігінің) жобада бекітілген көрсеткіштерге сәйкестігін белгілеу;
- инженерлік және технологиялық шешімдердің, сондай-ақ тұтастай объектінің прогрессивтілігін бағалау;
- объект пайдалануға жарамсыз болған жағдайда Тапсырыс берушіге тиісті дәлелді қорытындыны ұсыну.

10.3 Орташа және ағымдағы жөндеу кезінде

10.3.1 Мердігерден (бас мердігерден) объектінің дайындығы туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші қабылдауға кіріседі. Осы сәттен бастап Тапсырыс беруші мердігерден және техникалық қадағалауды жүзеге асыратын адамдардан В қосымшасына сәйкес сәйкестік туралы декларацияны және жөндеу жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны сұрайды.

Мердігер мен техникалық қадағалауды жүзеге асыратын адамдар сұрау салуды алған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде декларацияны, жөндеу жұмыстарының сапасы туралы қорытындыларды немесе теріс қорытындыларды ұсынады.

10.3.2 Тапсырыс беруші сәйкестік туралы декларация, жөндеу жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар негізінде мердігермен (бас мердігермен), техникалық қадағалауды жүзеге асыратын адамдармен бірлесіп атқарушылық техникалық құжаттаманың болуы мен толықтығы тұрғысынан

тексеруге, тиісті акт бойынша объектіні қарап шығуға және қабылдауға (объектінің орташа жөндеу бойынша жұмыстарды қабылдауға дайындығына түпкілікті тексеру жүргізуге) міндетті.

10.3.3 Тапсырыс берушіге сәйкестік туралы декларацияны, жөндеу жұмыстарының сапасы туралы қорытындыларды ұсыну мердігерлік орындаушыларды жөндеу жұмыстарына, техникалық қадағалауды жүзеге асыратын тұлғалардан жөндеу және қабылдау кезінде орындалған жұмыстар үшін жауапкершіліктен босатпайды.

10.3.4 Объектіні түпкілікті қабылдау В қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады

11 Автомобиль жолын орташа және ағымдағы жөндеу кезінде техникалық қадағалау қызметтерінің құнын есептеу

11.1 Жұмыстарды жүргізу объектісіндегі техникалық қадағалаудың саны мен құрылымын айқындау осы нормативтің 4.2.3-тармағына сәйкес жүргізіледі.

11.2 Тікелей өндірістік шығындар техникалық қадағалау мүшелерінің еңбегіне ақы төлеуге, сондай-ақ жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу объектісінде мамандар болған кезде іссапар шығындарын өту сомасын құрайды.

11.3 Автомобиль жолын жөндеу кезінде техникалық қадағалау қызметтерінің құнын есептеу кезінде инженерлік персоналдың айына жалақысының базалық мөлшері мынадай тәртіппен айқындалады:

- жол құрылысы саласында бейінді жоғары білімі бар тірек және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершіліктің 2-ші деңгейдегі объектілері бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі сарапшы - қолданыстағы ҚР БВН 9.2.2-005 сәйкес сметалық тарифтік мөлшерлеме, мамандығы бойынша – жетекші инженер, жұмыс уақытының орташа айлық балансын ескере отырып - айына 164 сағат;

- материалдар бойынша инженер - сметалық тарифтік мөлшерлеме, қолданыстағы ҚР БВН 9.2.2-005 сәйкес, мамандығы бойынша I санатты инженер, жұмыс уақытының орташа айлық балансын ескере отырып – айына 164 сағат;

- инженер-геодезист/көлем бойынша инженер/бейіні бойынша инженер - сметалық тарифтік ставка, қолданыстағы ҚР БВН 9.2.2-005 сәйкес I санаттағы инженер, жұмыс уақытының орташа айлық балансын ескере отырып – айына 164 сағат.

11.4 Кейінгі кезеңдерде инженерлік персоналдың бір айдағы жалақысының базалық мөлшері автомобиль жолдары саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның ведомствосы бекітетін ҚР БН 9.2.2-005 жаңартылатын ресми басылымына сәйкес айқындалады.

ҚР ВН 1.6-001-2025

11.5 Техникалық қадағалау қызметтерін көрсету кезінде жұмылдырылған инженерлік персоналдың жалақысының базалық мөлшерін есептеу қолданыстағы ҚР ВНЦ 9.2.2-005 сәйкес өңірлік саралауды ескере отырып айқындалады.

11.6 Техникалық қадағалау персоналының жұмылдырылу кезеңі әрбір жұмылдырылған маман үшін белгіленеді және жөндеу жұмыстарының айлардағы жалпы нормативтік ұзақтығымен (1) формула бойынша айқындалады:

$$T_{3П} = T_{РР} \quad (1)$$

мұнда $T_{3П}$ – техникалық қадағалау персоналын тарту уақыты, айлар;

$T_{РР}$ – жөндеу жұмыстарының жалпы нормативтік ұзақтығы, айлар;

11.7 Еңбекақы төлеу қорына кіретін шығындар, сондай-ақ жұмыс берушінің қызметкердің табысы бойынша шығындарына есептелетін бюджеттік және бюджеттен тыс қорларға салықтар мен аударымдар кіреді:

- [12] сәйкес есептелетін әлеуметтік салық;
- [13] сәйкес есептелетін әлеуметтік аударымдар;
- [14] сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар

есептеледі.

11.8 Техникалық қадағалау персоналын тарту кезеңі жол-жөндеу жұмыстарының тікелей объектісінде болу уақытының 80 % және құжаттаманы, есептерді және өзге де жұмыстарды ресімдеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін объектіден тыс, жұмыс орнында болу уақытының 20 % қамтиды.

11.9 Техникалық қадағалау персоналы үшін іссапар шығындарын есептеу мынадай нормативтерге сүйене отырып жүзеге асырылады:

- жол-жөндеу жұмыстарының объектісінде болған әрбір күн үшін төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәуліктік ақы төленеді;
- тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығындарды тәулігіне екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтеу нормасы.

Іссапар шығындарын есептеу техникалық қадағалаудың әрбір маманы үшін (2) формула бойынша айқындалады:

$$KР_i = T_{3П} \times 30 \times 0,8 \times N_{КР} (KZT) \quad (2)$$

мұнда $KР_i$ – техникалық қадағалаудың i -ші мүшесіне төленетін іссапар шығындарының сомасы;

$T_{3П}$ – техникалық қадағалау персоналын тарту уақыты, 30 ай - айдағы күнтізбелік күндердің орташа саны;

0,8 – маманның тікелей жол-жөндеу жұмыстарының объектісінде болу коэффициенті;

$H_{кр}$ – тәуліктік және тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығындар лимиттері, теңгемен 6 АЕК мөлшерінде;

АЕК - бюджет заңнамасына сәйкес есептік кезеңнің 1 қаңтарына бекітілген айлық есептік көрсеткіш.

11.10 Үстеме шығындар (техникалық қадағалауды ұйымдастыруға, оған қызмет көрсетуге және басқаруға байланысты шығындарды өтеуге арналған қаражат) тікелей өндірістік шығындардың пайыздық қатынасында 30 % мөлшерінде айқындалады.

11.11 Зертханалық зерттеулерге арналған шығындар жөндеу жұмыстарының сметалық құнының пайыздық қатынасында, 1 % мөлшерінде айқындалады.

11.12 Автомобиль жолын жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі инжинирингтік компанияның жиынтық шығындары тікелей өндірістік және қосымша шығындардың сомасы ретінде айқындалады.

11.13 Автомобиль жолын жөндеу кезінде техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде инжинирингтік компанияның пайданың нормативтік деңгейі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне сәйкес келетін жиынтық шығындардың мөлшері мен пайданың мөлшерлемесі ескеріле отырып айқындалады және (3) формула бойынша анықталады:

$$H_{УР} = C_{Р} \times \frac{C_{П}}{12} \times T_{РР} \quad (3)$$

мұнда $H_{УР}$ – пайданың нормативтік деңгейі, теңге;

$C_{Р}$ – жиынтық шығындар сомасы, теңге;

$C_{П}$ – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлеме негізге алына отырып айқындалатын пайда мөлшерлемесі, (%);

12 – жылдағы айлардың саны;

$T_{РР}$ – жөндеу жұмыстарының жалпы нормативтік ұзақтығы, айлар.

11.14 Орташа және ағымдағы жөндеу кезіндегі техникалық қадағалау қызметтерінің құны қосылған құн салығын есептемегенде тікелей өндірістік, қосымша шығындар мен пайданың нормативтік деңгейінің сомасы ретінде айқындалады, бірақ (4) формула бойынша жөндеу құнының орташа жөндеу кезінде 5 %-нан және ағымдағы жөндеу кезінде 1,5 %-нан аспайды:

$$C_{т} = ФОТ + КР + НР + РЛ + H_{УР} \quad (4)$$

мұнда, $C_{т}$ – автомобиль жолдарын орташа және ағымдағы жөндеу кезіндегі техникалық қадағалау қызметтерінің құны;

ФОТ – осы нормативтің 11.1, 11.3-11.7-тармақтарының ережелеріне сәйкес айқындалған техникалық қадағалаудың жұмылдырылған персоналының еңбегіне ақы төлеу қоры;

ҚР ВН 1.6-001-2025

КР – техникалық қадағалаудың барлық мүшелеріне іссапар шығындарының сомасы;

НР – осы ведомстволық нормативтің 7.10-тармағының ережелеріне сәйкес айқындалатын үстеме шығындар;

РЛ – осы нормативтің 11.11-тармағының ережелеріне сәйкес айқындалатын зертханалық зерттеулерге арналған шығындар;

НУР – пайданың нормативтік деңгейі, теңге.

А қосымшасы
(ақпараттық)

Автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу объектісіндегі техникалық қадағалау құрамы

Лауазымның атауы	Функциялар	Білімі	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету	Зертхананың жабдықталуы
1 Тірек және қоршау конструкциялары жөніндегі сарапшы	Жалпы техникалық қадағалау басшысы-құрылыс объектісінде техникалық қадағалау жүйесіне жалпы басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады	құрылыс, автомобиль жолдары немесе көлік саласында жоғары білімі бар	3 көлік құралдары, жабдықтар мен аспаптар (1-кесте)	жол-құрылыс материалдарына сынақтар жүргізуге аккредиттелген меншікті және/немесе өзге де негіздерде тартылған зертхананың болуы
2 Тірек және қоршау конструкциялары жөніндегі сарапшы	Көлемі бойынша инженер - құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемін есепке алуды, бақылауды және дұрыс анықтауды жүзеге асырады	құрылыс, автомобиль жолдары немесе көлік саласында жоғары білімі бар		
3 Тірек және қоршау конструкциялары жөніндегі сарапшы	Материалдар жөніндегі инженер - сапаны бақылауды, құрылыс материалдарын пайдалануды есепке алуды жүзеге асырады	құрылыс, автомобиль жолдары немесе көлік саласында жоғары білімі бар		
4 Инженер - геодезист	Құрылыс объектісінде геодезиялық жұмыстардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады	құрылыс немесе геодезия және картография саласындағы жоғары кәсіби білімі		

Қажет болған жағдайда (қызметтердің күнтізбелік кестесі бойынша):

Лауазымның атауы	Сарапшының функциялары	Білімі
1 Инженерлік жүйелер мен желілер бойынша сарапшы	Сапаны бақылау және жобаға сәйкестік үшін инженерлік желілер (сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау және т.б.) бойынша жұмыстар болған кезде	Инженерлік жүйелер мен желілер бағыты бойынша құрылыс саласындағы жоғары білім
2 Көтергіш және қоршау конструкциялары (көпір құрылысы) бойынша сарапшы	Мамандандырылған жұмыстар мен материалдарды бақылауға арналған көпір құрылыстары мен жасанды құрылыстар болған кезде	Өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс (жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілерде кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесі) немесе көпір салу мамандануы бойынша құрылыс саласындағы жоғары білім
3 Технологиялық жабдықтар бойынша сарапшы	Технологиялық жабдықты орнату кезінде	Өнеркәсіптік-азаматтық құрылыс мамандануы бойынша құрылыс саласындағы жоғары білім (жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілерде жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл)
4 Экология жөніндегі маман	Табиғатқа әсерін бағалау және экологиялық бақылау кезінде	Экология саласындағы жоғары білім
5 Инженер-жобалаушы (объектілерді «толық аяқтап» іске асыру кезінде)	Орындалатын жұмыстардың жобалық шешімдерге және техникалық талаптарға сәйкестігін бақылау, жобалау-сметалық құжаттаманы келісу, «толық аяқтап» салынатын объектілердегі жобалау мәселелерін жедел шешу кезінде	Құрылыс, сәулет саласындағы жоғары білім. Жұмыс бағытына байланысты мамандық бойынша құрылыс саласындағы орташа. (Бірінші деңгейдегі жауапкершілік объектілеріндегі жұмыс тәжірибесі кемінде 5 жыл)
Ескертпе - Техникалық қадағалау құрамы ұлғайған кезде көлік құралдарының санына қойылатын талаптар сарапшылар санына сәйкес қайта қаралуы мүмкін. IV, V санаттағы автомобиль жолдарындағы техникалық қадағалау құрамына қойылатын талаптарды және олардағы құрылыстарды Тапсырыс беруші шарт шеңберінде айқындайды.		

Б қосымшасы
(міндетті)

Сынақтарды жүргізу актісі
(құрылыс материалдарын кіріс бақылау)

1. Актінің жасалған күні: «_» _____ 20__ ж.

2. Іріктеу/сынақ өткізу орны: _____

3. Сынақтарды өткізу үшін негіздеме: (мердігерлік шарт, сынақтарға өтінім, жобалық, техникалық құжаттаманың талабы, техникалық қадағалау ұйғарымы және т.б.)

4. Материалдың атауы: _____

5. Маркасы / типі / ГОСТ:

6. Жеткізуші / өндіруші:

7. Партия / көлем:

8. Іріктеу мен сынаққа қатысушылар:

• Мердігерден: _____

(Т.А.Ә., лауазымы)

• Техникалық қадағалаудан: _____

(Т.А.Ә., лауазымы)

Аккредиттелген зертханадан: _____

(Т.А.Ә., лауазымы)

Басқа қатысушылар (қажет болған жағдайда): _____

(Т.А.Ә., лауазымы)

11. Сынақ нәтижелері: _____

(нәтижелердің қысқаша мазмұны, Зертхана хаттамасы қоса беріледі)

12. Қорытынды:

Материал жобалық құжаттаманың, ГОСТ, нормативтің талаптарына сәйкес келеді/сәйкес келмейді (керегінің астын сызу керек).

Қатысушылардың қолдары:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Мердігер			
Техникалық қадағалау			
Зертхана			
Басқа қатысушылар (қажет болған жағдайда):			

Қосымшалар:

1. 20__ ж. «» _____ № _____ сынақ хаттамасы
2. Сынамаларды іріктеу бойынша фотоесеп
3. _____

В қосымшасы
(міндетті)

Орташа жөндеу объектілерін пайдалануға беру жөніндегі құжаттама

В.1-нысан. Сәйкестік туралы декларация

1-нысан

Сәйкестік туралы декларация

«___» _____ 20__ жыл

Мердігер (бас мердігер) _____

(ұйымның атауы, заңды мекенжайы)

_____ тұлғасында

(ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

_____ объектiсi бойынша

(объектінің атауы, орналасқан жері)

Тапсырыс беруші _____

(ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

куәландырады:

1. Объектідегі жөндеу-құрылыс жұмыстары бекітілген ведомстволық қорытындыға, жол құрылысы саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес орындалды;

2. Қосалқы мердігерлік ұйымдар: _____
(ұйымның атауы)

3. Ведомстволық қорытынды _____

(объектінің атауы, нөмірі және бекітілген күні)

(қорытындыны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы)

4. Объект келесі негізгі техника-экономикалық көрсеткіштерге ие:

Құрылымдық элементтердің атауы	Өлшем бірліктері	Саны	Құрылымдық элементтердің сипаттамасы	Ескертпе
1 Жолдың ұзындығы	м			
2 Жүру бөлігінің ені	м			
3 Бөлу жолағының ені	м			

ҚР ВН 1.6-001-2025

4 Жол жиегінің ені	м			
5 Жол жамылғысы	м ²			
6 Жолақтар саны	дана			
7 Жол белгілері	дана			
8 Жасыл желектер	дана			
9 Жасанды құрылыстар	дана			
10 Электр жарығы	дана			

Мердігер (бас мердігер) _____

_____ объектіні
қабылдауға пайдалануға дайын деп санайды (объектінің атауы)

орындалған жөндеу-құрылыс және арнайы жұмыстардың сапасына
кепілдік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
кепілдік мерзіміне сәйкес орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде оның
кінәсінен туындаған ақауларды жоюға міндеттенеді.

Мердігер (бас мердігер) _____

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, күні)

МО (бар болса)

**В.2-нысан. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы
қорытынды**

2-нысан

Орташа жөндеу жұмыстарының сапасы туралы қорытынды

«__»_____20__жыл

Техникалық қадағалау _____
(ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды мекенжайы)

_____ тұлғасында

_____ (сарапшылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аттестат №, алған күні)
_____ негізінде әрекет ететін
(шарттың № және күні)

_____ объекті бойынша
(объектінің атауы және орналасқан жері)

Тапсырыс беруші _____
(ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)))
растайды:

1. Орташа жөндеу жұмыстары тарапынан жүзеге асырылды:

1) мердігер (бас мердігер) _____

_____ (ұйымның атауы, лицензияның № және алынған күні)

_____ тұлғасында

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2) қосалқы мердігерлік ұйымдар _____

_____ (ұйымның атауы, лицензияның № және алынған күні)

_____ тұлғасында;

(басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

4. Орташа жөндеу жұмыстары мерзімінде жүзеге асырылды:
жұмыстың басталуы _____;

(ай, жыл)

жұмыстың аяқталуы _____;

(ай, жыл)

құрылыс ұзақтығы, ай:

ҚР ВН 1.6-001-2025

шарт бойынша _____ ай;

нақты _____ ай;

3. Орташа және жөндеу жұмыстарының құны:

Барлығы _____ мың теңге, оның ішінде құрылыс-монтаждау жұмыстары _____ мың теңге, жабдықтар, құрал-саймандар және мүкәммал _____ мың теңге;

4. Орташа жөндеу жұмыстары ведомстволық сараптамаға

_____ (нөмірі және бекітілген күні)

_____ бекітілді

(қорытындыны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы)

және жол құрылысы саласындағы мемлекеттік нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес орындалды;

5. Қолданылған құрылыс материалдары, конструкциялар, жабдықтар мен бұйымдар техникалық құжаттамаға және мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келеді;

6. Атқарушылық техникалық құжаттама толық көлемде;

7. Орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында техникалық қадағалау берген ескертулер жойылды;

8. Техникалық құжаттамада көзделген аяқталған жұмыстар объектінің бастапқы пайдалану қасиеттерін қалпына келтіруді, оның ішінде беріктігін, орнықтылығын және бүкіл қызмет мерзімі (пайдалану, қолдану) бойы сенімділігін қамтамасыз етеді және меншік иелерінің (пайдаланушылардың) және тұтастай қоғамның мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес келеді.

Техникалық қадағалау: _____

_____ (ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, күні)

Мөр орны (бар болса) техникалық қадағалау жөніндегі сарапшы (сарапшылар)

_____ (сарапшының (сарапшылардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) аттестаттардың №, қолы, күні)

Мөр орны (бар болса)

В.3-нысан. Объектіні қабылдау актісі

3-нысан

Орташа жөндеу бойынша жұмыстарды қабылдау актісі

« ____ » _____ 20__ жыл

Тапсырыс беруші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЖСН, телефоны - жеке тұлғалар үшін, ұйымның атауы, БСН, телефон, пошта индексі - заңды тұлғалар үшін, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі

Мердігер (бас мердігер) _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЖСН, телефоны - жеке тұлғалар үшін, ұйымның атауы, БСН, телефон, пошта индексі - заңды тұлғалар үшін, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі

Қосалқы мердігер ұйым _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЖСН, телефоны - жеке тұлғалар үшін, ұйымның атауы, БСН, телефон, пошта индексі - заңды тұлғалар үшін, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі

Техникалық қадағалау _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ЖСН, телефоны - жеке тұлғалар үшін, ұйымның атауы, БСН, телефон, пошта индексі - заңды тұлғалар үшін, облыс, қала, аудан, елді мекен, көше атауы, үйдің/ғимараттың (стационарлық үй-жайдың) нөмірі:

Сәйкестік туралы декларациялар (қоса беріледі) _____

(декларацияға қол қойылған күні, мердігер (бас мердігер) ұйымның атауы, басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), заңды мекенжайы, БСН, телефоны)

Орташа жөндеу бойынша орындалған жұмыстардың сапасы туралы қорытындылар (қоса беріледі) _____

(қорытындыға қол қойылған күн, ұйымның атауы, техникалық қадағалау сарапшыларының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), аттестаттардың № және алынған күні, БСН, телефон)

мердігер (бас мердігер) ұсынған орташа жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдауға дайындығын тексере отырып: _____

(объектінің атауы, құрылыс түрі (орташа жөндеу), жауапкершілік деңгейі, объектінің техникалық және технологиялық күрделілігі) _____,

ҚР ВН 1.6-001-2025

(облыс, аудан, елді мекен, шағын аудан, квартал, көше, үй (корпус) нөмірі атқарушылық техникалық құжаттаманың толықтығын, оның ішінде атқарушылық техникалық құжаттаманың электрондық-цифрлық платформасы арқылы тексере отырып

«__»_____20__жыл, танысу күні, растайды:

1. Орташа жөндеу жұмыстары негізінде жүзеге асырылды:

1) _____жұмыстарды _____жүргізуге _____арналған _____ордер

(жұмыс жүргізуге арналған ордердің күні және №)

2) _____ведомстволық _____қорытынды

(объектінің атауы, нөмірі және бекітілген күні)

(қорытындыны бекіткен (қайта бекіткен) ұйымның атауы)

2. Орташа және орташа жөндеу бойынша жұмыстар мерзімінде орындалды:

жұмыстың басталуы «__»_____20__жыл;

жұмыстың аяқталуы «__»_____20__жыл;

құрылыс ұзақтығы, ай:

шарт бойынша: _____ай;

іс жүзінде: _____ай;

3. Объект бойынша техникалық сипаттамалар және технологиялық шешімдер

Объектінің техникалық сипаттамалары

Құрылымдық элементтердің атауы	Өлшем бірліктері	Саны	Құрылымдық элементтердің сипаттамасы	Ескертпе
1 Жолдың ұзындығы	м			
2 Жүру бөлігінің ені	м			
3 Бөлу жолағының ені	м			
4 Жол жиегінің ені	м			
5 Жол жамылғысы	м ²			
6 Жолақтар саны	дана			
7 Жол белгілері	дана			
8 Жасыл желектер	дана			
9 жасанды құрылыстар	дана			

ОРТАША ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚАБЫЛДАУ.

Қабылдау комиссиясының төрағасы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, ұйымы, лауазымы, қолы, күні, мөрі)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты, ұйымдары, лауазымдары, қолдары, күндері, мөрлері)

Библиография

[1] «Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі» Кеден одағының техникалық регламенті (КО ТР 014/2011).

[2] «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

[3] «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі №245 Заңы.

[4] «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» 2024 жылғы 9 маусымдағы № 435 техникалық регламент.

[5] «Тапсырыс берушінің (құрылыс салушының) қызметін ұйымдастыру және функцияларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығы.

[6] «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 114 бұйрығы.

[7] «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 бұйрығы.

[8] «Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығы.

[9] «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V Заңы.

[10] «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 маусымдағы № 53-ІІ Заңы.

[11] «Объектіні пайдалануға қабылдау актісінің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 234 бұйрығы.

[12] «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI кодексі.

[13] Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі.

[14] «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V Қазақстан Республикасының Заңы.

МСЖ 93.080.30

Түйін сөздер: автомобиль жолдары, күрделі жөндеу, реконструкциялау, автомобиль жолдарын жөндеу, техникалық қадағалау

**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ

**АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ.
ТЕХНИЧЕСКИЙ НАДЗОР**

ВН РК 1.6-001-2025

Издание официальное

Астана 2025

Предисловие

- | | |
|--|--|
| 1 РАЗРАБОТАН
ВНЕСЕН | И Акционерным обществом «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт»
(АО «КаздорНИИ») |
| 2 УТВЕРЖДЕН
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ | И Приказом Председателя Комитета автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан от «18» ноября 2025 г. № 119 |
| 3 СОГЛАСОВАН | Акционерным обществом «НК «КазАвтоЖол» от 28 октября 2025 г. № 03-01/12-01/3716-И.

РГП на ПХВ «Национальный центр качества дорожных активов» от 30 октября 2025г. № 03/690. |
| 4 ВВЕДЕН ВЗАМЕН | ПР РК 218-162-2023 «Инструкция по осуществлению технического надзора и определению затрат на него при среднем и текущем ремонте автомобильных дорог общего пользования»;
Р РК 218-109-2014 «Рекомендации по оформлению и ведению исполнительной документации на объектах дорожного строительства Республики Казахстан»;
Р РК 218-111-2014 «Рекомендации по разработке плана контроля качества на объектах дорожного строительства Республики Казахстан». |

Документ доступен к просмотру в Едином государственном фонде нормативных технических документов (<https://new.shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>), а также в электронной базе данных «InfoZhol» – <https://rnbase.qazjolgi.kz/ru/>.

Настоящий ведомственный свод правил не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан.

СОДЕРЖАНИЕ

1	Область применения	1
2	Нормативные ссылки	1
3	Термины и определения	2
4	Общие положения	3
5	Функции, права и обязанности технического надзора	7
6	Исполнительная документация	12
6.1	Состав исполнительной документации	12
6.2	Исполнительная геодезическая документация	14
6.3	Приемка геодезической разбивочной основы	15
6.4	Рабочие геодезические журналы	16
6.5	Оформления отчетов подборов смесей и материалов, полуфабрикатов и конструкций	16
6.6	Лабораторные журналы и протокола	18
6.7	Рабочие журналы	18
6.8	Акты освидетельствования скрытых и приемки ответственных работ	19
7	Оснащенность оборудованием технического надзора	20
8	Пробный участок	25
9	Состав работ по техническому надзору	28
9.1	Общие положения	28
9.2	Входной контроль	28
9.3	Операционный контроль	29
9.4	Приемочный контроль	30
10	Приемка и ввод эксплуатацию объектов при строительстве, реконструкции и ремонте	31
10.1	Общие положения	31
10.2	При строительстве, реконструкции и капитальном ремонте	32
10.3	При среднем и текущем ремонте	32
11	Расчет стоимости услуг технического надзора при среднем и текущем ремонте автомобильной дороги	33
